https://drive.google.com/file/d/1xLjFR7oYSUhj7t6DbRFxsdvLE0XeXcXV/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1EaPBn4jeLgsZxNgJ8HIOvuo2B1GTxd_j/view?usp=drive_link

2024-2025 оқу жылында Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру, әдістемелік қолдау көрсету, жоспарлау және үйлестіру мақсатында 5 рет сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы өткізілді. Барлық отырыстар ДТІЖО Сейдуалина А.У жетекшілігімен, 1-11 сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар мен тәлімгерлердің қатысуымен өтті. Әр отырыс хаттамаға тіркеліп, құжаттар рәсімделді.

№1 отырыс – тамыз айында тақырыбы: «Жаңа оқу жылына жоспарлау мен бағыт-бағдар беру» бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған барлық сынып жетекшілердің тәрбие жұмысы жоспарлары бекітілді.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнына терең талдау жүргізіліп, негізгі бағыттары түсіндірілді.Жас сынып жетекшілерге тәжірибелі ұстаздардан тәлімгерлер тағайындалды.Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары таныстырылып, талқыланды және құрылды.Жауаптылар: Сейдуалина А.У, 1-11 сынып жетекшілері.

№2 отырыс – қараша айында тақырыбы: « Көшбасшылық, буллингтің алдын алу және І тоқсан қорытындысы» бойынша болды.«Заманауи білім беру үрдісіндегі көшбасшылық» тақырыбында коучинг сессия өткізілді.2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрық негізінде «Баланы жәбірлеуден (буллингтен) қорғау қағидалары» таныстырылып, практикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Сынып портфолиосының жүргізілуі мен құжаттардың сапасына талдау жасалды.Ата-аналармен педагогикалық қолдау сабақтарының жүргізілу барысы қаралды.1-11 сынып жетекшілерінің І тоқсанда жүргізген тәрбие жұмыстары бойынша есептері тыңдалып, хаттамаға тіркелді.Жауаптылар: ДТІЖО Сейдуалина А.У, 1-11 сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог Кокина Г.А

№3 отырыс – қаңтар айында « **Жаңа формация, құқықтық тәрбие және II тоқсан қорытындысы**»тақырыбында алынды.«Жаңа формацияның сынып жетекшісі – негізгі дайындық пен үздіксіз дамудың бірлігі» тақырыбында коучинг ұйымдастырылды.Мектеп парламентінің ұйымдастырылу жағдайына талдау жасалды.Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытындағы жұмыстардың барысы қаралды.Құқықтық білім беру сабақтарының ұйымдастырылу деңгейі тексеріліп, ұсыныстар берілді.II тоқсан қорытындысы бойынша барлық сынып жетекшілердің есептері тыңдалды.Жауаптылар: Сейдуалина А.У, тәлімгер Кокенова М.Ш, Мунжасарова Г.Е

№4 отырыс – наурыз айында « **Кітап оқуға қызығушылық, жобалар, әдістемелік апталық және III тоқсан қорытындысы**»тақырыбында«Кітап – рухани азық» тақырыбында «Балалар кітапханасы» жобасының жүргізілу жағдайына талдау жасалды (Жауапты кітапханашы Бейсембекова Н).8-10 сыныптардағы жобалық жұмыстардың орындалуы, іске асырылуы бағаланды (ДТІЖО Сейдуалина А.У).Сынып жетекшілер апталығын өткізу жоспары құрылды, өткізу форматы нақтыланды.«Жолда жүру ережелері» пәнінің жүргізілу жағдайы 1-8 сыныптарда тексеріліп, сынып жетекшілерге әдістемелік ұсыныстар берілді.III тоқсан бойынша тәрбие жұмыстарына есептер ұсынылып, сарапталды.

№5 отырыс – мамыр айында «**Жылдық қорытынды және жазғы кезеңге дайындық**» тақырыпта өтті.Сынып жетекшілер бірлестігінің жыл бойғы жұмысына толық талдау жасалды, нәтижелер мен олқылықтар сарапталды.2025-2026 оқу жылына қойылатын міндеттер мен бағыттар ұсынылды.Балалардың жазғы демалысын, жазғы еңбек практикасын ұйымдастыру жолдары қарастырылды.Оқушылардың жазғы демалыс кезінде өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары пысықталды.Қорыта келе,отырыстардың барлығы жоспарға сәйкес уақытылы өткізілді. Әр отырыста нақты тақырыптар қамтылып, әдістемелік қолдау көрсетілді. Сынып жетекшілерге қойылатын талаптар мен жауапкершілік деңгейі нақты көрсетіліп отырды. Сонымен қатар, тәжірибе алмасу, коучингтер ұйымдастыру арқылы тәрбие жұмысының сапасы артты. Әр отырыс әзірleme, талдау негізінде хаттамамен рәсімделіп отырды.

Тәрбие сағаттарының орындалысы

Оқу жылы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
2023-2024 о.ж	85%	90%	100%	100%
2024-2025 о.ж	100%	100%	100%	100%
2025-2026 о.ж				

2023-2024 оқу жылында тәрбие сағаттарының орындалу деңгейі тоқсан сайын өзгеріп отырды. Атап айтқанда:

- **I тоқсанда** тәрбие сағаттарының орындалуы **85%** болды. Бұл көрсеткіш тәрбие жұмысының жыл басында толық жүйеге түспегенін немесе кейбір себептермен толық қамтылмағанын көрсетеді.
- **II тоқсанда** орындалу көрсеткіші **90%-ға** дейін жақсарған. Бұл мектеп ұжымының тәрбие жұмысына жауапкершілікпен қарай бастағанын білдіреді.
- **III және IV тоқсандарда** тәрбие сағаттары **100% толық** орындалған. Бұл кезеңдерде тәрбие жұмысы толығымен жүйеге түсіп, жоспарланған іс-шаралар толық іске асырылғанын көрсетеді. 2024-2025 оқу жылында тәрбие сағаттарының орындалуы барлық тоқсандарда **100%** деңгейінде болды. Бұл мектептегі тәрбие жұмысының тұрақты жолға қойылғанын, жауапты мұғалімдер мен сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстарына жоғары деңгейде көңіл бөлетінін дәлелдейді. Соңғы екі оқу жылындағы тәрбие сағаттарының орындалу динамикасына қарағанда, 2023-2024 оқу жылында біртіндеп жақсару байқалса, 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмыстары толық, жоспарға сәйкес орындалған. Бұл мектеп ұжымының тәрбие процесіне деген көзқарасы мен жауапкершілігінің артқанын көрсетеді. Сонымен қатар тәрбие сағаттарының тиімді ұйымдастырылуы мектептің тәрбие саласындағы жұмыс сапасын арттыруға оң әсер еткені байқалады.

Тиімді тәрбие іс-әрекетінің маңызды шарты – мектептің тәрбие жұмысының нормативтік-құқықтық базасының болуы. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құқықтық құжаттарына мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 қаулысымен бекітілген Білім және ғылым министрінің бұйрығы;
- 2) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;
- 3) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 4) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 5) «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
- 6) «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- 9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 10) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесі құжаттардан тұрады:

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
7. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
8. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
10. ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
11. ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- 2) оқушыларда оқу іс-әрекетіне оң тұрақты мотивацияны, білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің өмір мен қызмет үшін маңыздылығын түсінуді дамыту.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілетін дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектті байыту; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және

Қазақстанның басқа этностары мен этникалық топтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;

6) балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысуға дайындау;

7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

11) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу және жасөспірімдер арасында нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеуге, «тәуекел» тобындағы балаларды мектеп, сынып өміріне, үйірмелер, секциялар сабақтарына қатысуға барынша тартуға құқылы.

12) оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
https://drive.google.com/file/d/1U7pYYVwBJi2v86zxvjK25WDJX4kvhMPq/view?usp=drive_link

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пеәділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

-Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

2023-2024 оқу жылы өткізілген іс-шаралар сілтемелері

№	Өткізілген іс-шаралар	Сілтеме
1	<i>1 қыркүйек</i> - Білім күні - «Мектеп – мейірім мекені» білім күніне арналған алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Жиынға барлық сынып қатысты. 11-сынып оқушылары мен 1-сынып оқушыларының көмегімен алғашқы қоңырау соғылды. «Сәлем, жаңа оқу жылы» атты тақырыбында 1-11-сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.	https://www.facebook.com/share/v/H28S5eofJScjJ6BF/?mibextid=K8Wfd2
2	04.09- «Мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысу» саптық жиын өткізілді. Жас сынып жетекшілерге әдістемелік кеңес өтті. 5.09.23 ж - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл кемел болашақ тұғыры» тақырыбындағы мектепшілік іс-шаралар өткізілді. Барлық сынып белсене қатысты. 8.09.23 күні Балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында “сергіту сәті” челленджі өтті.” Челленджге 117 оқушы, 20 мұғалім, 10 ата-ана қатысты. «Оқуға құштар ұрпақ» тақырыбындағы Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын дәріптеуде кітап көрмесі.	https://www.facebook.com/share/p/tx2FEUKuxSF9dj7s/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/yXam7jRb4TeoWexq/?mibextid=K8Wfd2

		https://www.facebook.com/share/p/mNhABCpdm1isMAhv/?mibextid=K8Wfd2
3	13.09.23 ж “Назар аударыңдар, балалар!” Жобасы бойынша бастауыш сыныптарда «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік» танымдық сабақ, 5-8-сыныптар арасында «Жол тәртібін біле жүрейік!» тренинг, жоғарғы сыныптармен «Оқушылардың жол көлік қозғалысы кезінде өзін - өздері ұстауы» брифинг өткізілді. Мектептен тыс мекемелермен құқықбұзушылыққа байланысты жоспар құрылып, құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылым жұмыстары жүргізілді.	https://www.facebook.com/share/p/nHo83c7E67sZ3rJM/?mibextid=K8Wfd2
4	18.09.23 ж - Жаңа оқу жылында 1-4 сыныптарда 39 оқушы, жоғарғы сыныптарда 18 оқушы толықтай тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жылдығына орай сапта тұрып 7-сынып оқушылары «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында жұмыс жүргізді. 19.09.23 ж “Менің сүйікті отбасым” тақырыбында 2-5 сынып оқушылары арасында сурет көрмесі өтті. Мақсаты: оқушыларды отбасындағы сыйластық, ынтымақ, бірлік сияқты қарым-қатынасқа үйрету. Туыстарына, жақындарына сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. 5-7-сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.	https://www.facebook.com/share/v/6vxw7hwhd9rgZaF4/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/AxMea8LxE7zefJDP/?mibextid=K8Wfd2
5	20.09.23ж Ынтымақ ЖББ мектебінде 7-10сынып арасында жоспар бойынша ай сайын "Жігер" тобы ұлдар жиналысы өткізіледі. Қыркүйек айының отырысында"Буллинг, зорлық-зомбылық, әлімжеттік "жайлы мектеп психологы Кокина Н. Т. түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Алкенов С, Көкенова М мектеп ережесімен таныстырды. «Жас ұлан» “Жас Қыран” ұйымының отырысы өтті. 2023-2024 оқу жылына арналған іс- шаралар жоспарымен таныстырылып, сынып белсенділері тағайындалды.	https://www.facebook.com/share/p/mwxWZxJQUJzRsCrK/?mibextid=K8Wfd2 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid04uuSnwFnZU5Le54psndJGh2fP3AZwYeH7cpsH6zTXar2XrcUU9s9VjSeuuowFMoLI&id=100028647434969&mibextid=K8Wfd2
6	25.09.23 ж «Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі» сынып сағаттары өткізілді.	https://www.facebook.co

	28.09.23 ж Тазалықты жанына серік еткен 5-10 сынып оқушылары жоспарға сай мектеп ауласын тазалауға белсене араласты. “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының белсенділері «Тазалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті.	m/share/p/EZmBFCHYKy6MmMme/?mibextid=K8Wfd2
7	2.10.2023 ж “Қария қол ұшын соз” жобасын қолдау мақсатында 5-6-сынып оқушылары қарияларға қол ұшын созып, алғыс, баталарын алып қайтты! 1-11-сыныптар арасында «Қарттарым – асыл қазынам» тәрбие сағаттары өткізілді.	https://www.facebook.com/share/p/Afov8qHbFy448VmS/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/UWQxSHGRClpnqfzL/?mibextid=K8Wfd2
8	5.10.23 күні мектебімізде ұстаздар күніне байланысты “Дублер күні” аталып өтілді. Кейін ұстаздарымызға арнап 11-сынып оқушылардың ұйымдастыруымен концерт берілді. «Ұстаздар күні - орны бөлек, дәрежесі биік, ең ұлық та ұлағатты мереке. Адамзат тарихында білімнің, өркениеттің мүддесі үшін қызмет етер ұстаздың еңбегі ерен. Олай болса, бүгінгі мереке күнінде барша Ұстаздарға дендеріне саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Отбасыларыңызда әрқашан бейбітшілік, келісім, қуаныш пен жайлылық орнасын.» -деп тілек тілеп оқушылар ұстаздарымызды қуантып қойды.	https://www.facebook.com/share/p/U6a6nptGRX4RGmpS/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/v/mtAExZHCTCLcTYnr/?mibextid=K8Wfd2
9	11.10.23 ж Өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру мақсатында өткізілген «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сурет байқауында Аманкелді Айша 3-орын алды. Қазақстандық патриотизмді, әлеуметтік жауапкершілік және Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге тәрбиелеу мақсатында өткізілген «Қазақстан – менің жарқын болашағым!» сурет байқауының аудандық кезеңінде Нұржан Әлібек 3-орын алды. Оқушыларға терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттердің алдын алу туралы іс-шара өткізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы, оқушылар қатысты. Оқу жаттығуын өткізген АӘЖТД пән мұғалімі Алькенов С.	https://www.facebook.com/share/v/u9j5Tt3x3Db8cnj2/?mibextid=K8Wfd2

10	13.10.23 ж Ынтымақ мектебі футболдан 7-8-сынып оқушылары арасында өткізілген «Ұлттық мектеп лигасының» аудандық кезеңінен Ынтымақ мектебінің оқушылары 3-орын алды. 13.10.23 ж 5-10-сынып оқушылары арасында “Арайлы алтын күз” атты жәрмеңкесі өтті! Әр сынып өте белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Мақсаты: Күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру; Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүйуге тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/share/p/zNiiPqQWFyifVYJE/?mibextid=K8Wfd2
11	19.10.23 ж «Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай 5-9-сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілді. 23.10.23 ж күні мектеп парламент мүшесіне сайлау өтті. Сайлаудың қорытындысы бойынша мектеп Президенті 9-сынып оқушысы Мырзахан Кәусар болды.	https://www.facebook.com/share/p/QqXdt8roF8Qf68DV/?mibextid=K8Wfd2
12	24.10.23 ж “25 қазан Республика” күніне орай бір мезетте "Open Voice", ҚР Мемлекеттік әнұраны орындалды. Республика күні мерекесіне орай “Менің Отаным-Қазақстан” атты мерекелік кеш өткізілді. Мерекелік кеш мемлекеттік әнұранмен басталып, артынан көңілашар ән, билер көрермендердің көңілінен шығып, іс-шара жоғары деңгейде болды.	https://www.facebook.com/share/p/iQ1YgCwoa4dXe2PF/?mibextid=K8Wfd2 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0hXH2fQZrrNARNE5FVgTX6MxmNduAsRDPCcciCdeQVgUBZRKyPUHLMH31rieqrGKDI&id=100028647434969&mibextid=K8Wfd2
13	25.10.23 ж Волейболдан Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінің Сағденов Нағима Думанқызының 60 жасқа толуына байланысты еске алу аудандық турниріне ұстаздарымыз қатысып, ер мұғалімдер 1-орын, әйел мұғалімдер 3-орын иеленіп келді.	https://www.facebook.com/share/p/BLABvwwd3HLC1NRp/?mibextid=K8Wfd2
14	27.10.23ж жаңа сайланған мектеп Президенті және фракция министірлерінің ұлықтау (инагурация) рәсімі өткізілді. Ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02MdoJ1cA5

		ymHTZ9baW9uD1Z4BWTmUjrs3AuWrUh1jNcPghYsD38JKYJcZS5fQcqGpl&id=100028647434969&mibextid=K8Wfd2
15	27.10.23ж Ұлытау облысы Жезқазған қаласының «Ұлытау» спорт сарайында “Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Алихан Мұхамедияұлы Байменовтың құрметіне арналған тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирі өтті. Мектебіміздің атынан қатысып, намысын қорғап келген Мырзахан Кәусәр жүлделі 1-орынмен оралды!	https://www.facebook.com/share/p/VXStdN3Y74gV34Ag/?mibextid=K8Wfd2
16	01-03.11- Мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 1-11-сыныптар арасында «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихатталды. Бастауыш сыныптарда «Алтын сақа» ұлттық ойындар турнирі өткізілді. 5-6-сыныптар арасында Бес табан, Бес асық ату өткізілсе, 4-6-сыныптар арасында «Тоғыз құмалақ-дау» сайысы ұйымдастырылды. Өткізілген шаралар «Төрт тоқсан, төрт өнер», «тоғыз айға тоғыз іс-шара», «Ұлттық мектеп лигасы» жобалары бойынша өткізілді. Мектепішілік ата-аналар жиналысы «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау мақсатында өткізілді.	
17	06.11- Ұлттық валютаның 30 жылдығына орай сапта тұру жиыны өткізілді. 5-6-сыныптар арасында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тәрбие сағаттары болды. "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жұмысы аясында позитивті ата-ана болу құзыреттерін, дағдыларын игеруге ынталандыру, қағидаттарымен, әдістерімен таныстыру, ата-ананың педагогикалық мәдениетін дамыту мақсатында 9-11-сынып ата-аналарымен "Боламын деген баланың бетін қаппа, белін бу..." тақырыбында тренинг өтті.	https://www.facebook.com/share/p/yBfrw1VYiKRb9sjU/?mibextid=K8Wfd2
18	09-13.11 - Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жұмысы аясында позитивті ата-ана болу құзыреттерін, дағдыларын игеруге ынталандыру, қағидаттарымен, әдістерімен таныстыру, ата-ананың педагогикалық мәдениетін дамыту мақсатында 5-8 сынып ата-аналарымен "Баланың басты ұстазы - ата-ана" тақырыбында іс-шара өтті. Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 7-8-сыныптар арасында өткізілді. «Жақұты барға жасын түспейді» Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің 165 жылдығына орай 10-11-сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара өтті. «Халықаралық Темекіден бас тарту күні» сапта тұру, акциясын өткізу, аудандық СӨС қызметкерлерін шақыру жұмыстары өткізілді.	https://www.facebook.com/share/p/BjUhXS9Q3aUVcduJ/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/v/guWQxQexCh8fPAbc/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/v/b

		9ivNjrbqzMUbcaR/?mibextid=K8Wfd2
19	15.11-«Оян, ар мен адалдық» атты сынып сағаттары өткізілді. "15 қараша - Ұлттық валюта күні" "Жас Ұлан" "Жас Қыран" ұйымы "Ұлттық валютаның 30 жылдығы" тақырыбында 15 қараша – Ұлттық валюта күні аталып өтті. Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменнен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне, отанына сүйіспеншілігін ояту.	https://www.facebook.com/share/v/EdXRLfNBonjfvNTJ/?mibextid=K8Wfd2
20	17.11- «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша 7-11-сыныптар арасында «Әлемді бағындырған жерлесіміз» аудандық спорт үздігімен кездесу өтті. 20-27.11 - «20 қараша Бала қорғау конвенциясы» сапта тұру жиыны және «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» апталық өткізілді. Дебат қозғалысы фракциясының ұйымдастыруымен "Қоғам және жастар" тақырыбында пікірсайыс өтті. Пікірсайысқа "Болашақ", "Ынтымақ", "Таланттылар", "Дарындылар", "Жұлдыз" командалары қатысты. Пікірсайыс қорытындысы бойынша "Ынтымақ" командасы 1 орын, "Жұлдыз" командасы 2 орын, "Болашақ" командасы жүлделі 3 орынға ие болды.	https://www.facebook.com/share/b232Ynn9rYzTiNMS/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/CBknrrYrAkgLGH1M/?mibextid=K8Wfd2
21	27.11 - «Сұлтан Бейбарыс 800 жыл» сапта тұру жиыны өткізілді. 1-5.12 - «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында 1-6-сыныптар «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» сынып сағаттары өтті. «Төле бидің 360 жылдығы, Бұхар Жыраудың 355 жылдығы» сапта тұру жиыны және сынып сағаттары болды. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша 7-8-сыныптар арасында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» атты сайыс өтті. "Буллинг, Кибербуллинг, Зорлық-зомбылықтың, суицидтің алдын алу", бойынша мектеп әкімшілігі №506 бұйрықты, негізге ала отырып жылдық жоспар жасап, жоспар бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. 5-11 сынып оқушыларынан "СБА" әдістемесі алынды. 8-сынып ата аналарымен жиналыс өткізілді. 8-сынып "Өз көңіліңді көтере біл" тренинг. Суицидтік мінез құлықтың алдын алу бойынша жалпы ата аналармен семинар өткізіліп, кеңестер берілді. Қазан айында директордың ТІЖО А. К. Бейсекеева "Мектептегі буллингтің алдын-алу профилактикасы" тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына тәрбие сағатын өткізді. Әлеуметтік педагог Г. А. Кокина қараша айында "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!" атты сурет көрмесін ұйымдастырды. Алдын алу шаралары бойынша оқушылардан "Зорлықсыз балалық шақ" атты жабық анкета алынды. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін, мектеп дәлізінде арнайы стенд жасақталып, ағарту жұмыстары мен психологиялық қолдаулар үнемі жүргізілуде. Қараша айынан бастап "Көмек Стоп Буллинг" облыстық көмек беру жүйесімен жұмыстары іске қосылып, қазіргі уақытта біріккен жұмыстар жүргізілуде.	https://www.facebook.com/share/p/dWDc91mXqGe6jEkb/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/VqN8sEVqfaMNYnK/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/fMQEZnG1mdzdKE8x/?mibextid=K8Wfd2

22	7-11.12- «Таным.Тағылым.Тәрбие», «Тәуелсіз ел бейнесі» сурет байқауы өтті. Тәуелсіздік мерекесіне орай сапта тұру жиыны өткізілді. 3-5-сынып оқушыларын «Жас ұлан» ұйымына қабылдау сапта тұру жиыны өтті. 12-15.12- «Көк тудың желбірегені» сынып сағаттары өткізілді. 5-6-сыныптар арасында «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» тимбилдинг өтсе, 9-11-сыныптар арасында «Тарих пен тіл тамырлас» атты іс-шара өтті. Өткізілген шаралар «Жеткіншектің Жеті жарғысы», «тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобалары бойынша өткізілді. 7-8-сыныптар арасында «Жастар және қоғам» пікірталас тәуелсіздік тақырыбында «Бұхарекен жырлайды» мәнерлеп оқу байқауы өтті.	https://www.facebook.com/share/v/xumD9HPQrWPJQmXM/?mibextid=K8Wfd2
23	22.12 - «Үнемі оқитын адам – табысты адам» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектебімізде аналар, әкелер, әжелер клубы ашылып, жұмыс жасалуда. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетудің өзіне тән ерекшеліктерімен сабақтар өткізілді."Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастыруымен "Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында ата-аналарымен тренинг өткізілді. Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер: Ынтымақтастық, ата-ана борышы, құрмет, жаңалық, білмекке құмарлық, креативтілік, прагматизм, эвристикалық, еркіндік.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02AR1rSg3yz3R4PNbRksw4cUTMwcbqvYynKZc7QYfgsrpcBogf1Sx6pg14YYdq8yiTI&id=100028647434969&mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/BgCNrMEGAmgN99e5/?mibextid=K8Wfd2 https://www.facebook.com/share/p/ZXibVz6D6qpH4Jqh/?mibextid=K8Wfd2
24	25-28.12- Жаңа жылды қарсы алуға арналған ертеңгілік, кештер ұйымдастырылып, жаңа жылдық бастауыш арасында және орта буын арасында шаралар өткізілді. 10-сынып жетекшісінің ұйымдастыруымен «Келдің міне, Жаңа жыл» атты карнавал өтті.	https://www.facebook.com/100028647434969/posts/pfbid0MeEfaQSFHU4JNYqE25VbLnTxttRQeZQKL2DBHoKUYiZPGd6qw5GjqZbS7ifoakuhl/?

		mibextid=K8Wfd2
--	--	---------------------------------

№	Өткізілген іс-шаралар	Сілтеме
1	3-12.01 - «Профи TIME» мамандықтар әлемінде, 10 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мектеп түлектерімен кездесу кеші өтті. Мақсаты: Мектепті бітірген түлектер әр саланың мамандық иелері ретінде жеткен жетістіктері жайлы, оларды оқытқан ұстаздары туралы мектебіміздің жасөспірім оқушыларымен пікірлесіп, сұхбаттасу, болашақта мамандық таңдауға жол сілтеу, себепкер болу; бір-бірімен арман-ойларымен бөлісуі, бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы ортаға салу . Кешке мектебіміздің 2016-2017 және 2021-2022 оқу жылында бітіріп кеткен түлектеріміз келді. Мектеп мақтанышы болған түлектеріміз жан-жақтан келіп, ойларымен, мамандықтарының қыр-сырларымен бөлісті. Түлектеріміздің көбі Ебіней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқуда. Кеш барысында түлектер өмірде қол жеткізген мақсат-мұраттарымен бөлісіп, ізбасарларына ақыл-кеңестерін айтты. «Мұрагер-2024» II облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңіне хореография түрінен 10 оқушымыз қатысып, 2-орын алды.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0n2sV2skK2JUXRzwunkewfpoZF7oobjJqUinTUBYMvr2jjyDTgStZtcSj4t43wSBRI&id=100028647434969
2	15-26.01 - «Арқадан шыққан айтулы әнші» Игілік Омаровтың өнерімен және Туған өлке ақындарымен таныстыру мақсатында саптық жиын өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен жиналыс өткізіліп, телестудиядан оқушыларға видеороликтер көрсетілді. «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» атты бастауыш сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. «Жастар және қоғам» пікірталас өтті.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0umceydxFhAwBmqDty1rKCijeXHmSkhNQmmRqrDyiTNJiB1rb5o6Nai1Ab3uNuqvVI&id=100028647434969 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid027qymU7RqVDxqGLbJamggxkGQUu2zLLgpQvdPaT5cjS34v9U2nsYP8ChRw728hrkXI&id=100028647434969 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02uLw3ZNqvcFgGNo7HmGc7YHHYvKAwPafpXKv5QLSk6rPe9oMErqysYRduK6xRQiRrl&id=100028647434969
3	29.01-9.02 - «Қазақ есебі» МИФ пәндер бірлестігінің апталығының ашылуына байланысты саптық жиын өтті. Мектепшілік Абай – Шәкәрім оқуларына байланысты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері сыныптан тыс іс-шара өткізілді. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасыдағы ортақ тіл» атты тақырыбында ата-аналармен ойын түрінде кездесу ұйымдастырылды.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02hYqj76pm99VmP94W13Gj1hrWA8ZzExeHzuDfx5ebcGgnJCUNQaZs93oNBYqa3Dxml&id=100028647434969 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02o8sFtR85ca5jsVRUB4Z5vucXy7xhyzK9VJFS21X8PRaBs

	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» Қаныш Сатпаевтың 125 жылдығына орай саптық жиын жиын өткізіліп, оқушылар Қаныш Сатпаев атамyzдың өмірбаянымен таныстырды. «Адал ұрпақ» клубы «Жастар және қоғам» пікірталас өткізілді. «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың туған күніне арналған поэзиялық кеш өткізіліп, оқушылар өлеңдерін мәнерлеп айтып берді.	v65MkLmZiWdvKYdmxgFI&id=100028647434969
4	12 - 29.02 - «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының аудандық кезеңінде Жаңаарқа ауданы №1 лицейде семинар өтті. «Әлемді бағындырған жерлесіміз» Самбо күресінен дүниежүзі чемпионы Қанат Байшолоаковтың өмірбаянымен таныстыру мақсатында саптық жиын өткізілді. Мектепалды сыныбының мұғалімі Елубаева Б.Н "Балалар кітапханасы" іске асыру шеңберінде, "Мақал-сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды білуге арналған тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Мақал-өшпес мұра екенін түсіндіру. Ой-өрісін дамыту. Шешендік сөйлеуге мағыналық түрде сипаттап көрсету. Балаларды мақал, жұмбақ, жаңылтпаш айту арқылы ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа тәрбиелеу мақсатында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» зияткерлік сайыстар өткізілді. Жауапты: шағын орталық тәрбиешісі Умирзакова Б.К. "Ауған соғысына 35 жыл" атты ауған соғысының ардагерлерімен кездесу және автоматты жартылай бөлшектеп, жинақтау сайысы және ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті! Кездесуде 9-11-сынып оқушылары болды. Мақсаты: оқушыларды ерлікке, ұлтжандылыққа өз елінің патриоты болуға ардагерлерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту. Саптық жиын өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Наша қорлықтың адам өміріне зияны» тәрбие сағаттары болды. Ұл, қыз балалармен жекелей жиналыстар ұйымдастырылды. «Ас адамның арқауы» дұрыс тамақтану б-ша тәрбие сағаттары өтті. «Төтенше жағдай және біз» дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні. Саптық жиын болды.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0KZGVRARHDeSeYyWG5E5etL4vWQLQeYbsNk5i8UEs7ufFN345D4wcz8x9knb8d4EAI&id=100028647434969 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0FDyXapms3BDhQ6rQq2iubE2iNrKBgmNxj9zHLADEQEzYBoRRcBwhZkABJdg1pG9TI&id=100028647434969 https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02v7GkQtuXN9eaKzhEWdRznGqtrk4HfrGSKUMMEDmnbAgLbeHxw4vfwWbvKB2kuw9rl&id=100028647434969

	Дабыл қағу оқу жаттығулары өткізілді.	
5	1-7.03 - «Мың алғыс, ...» атты видеоролик түсірілді және сынып сағаттары өткізілді. «Денсаулығым-байлығым» жұқпалы аурулар алдын алу мақсатында саптық жиын өткізілді. «Ана өмір, қолдаушысы әлемнің» тәрбие сағаттары өткізілді. «Бәрі де, Ана, өзіңнен басталады» концерттік бағдарлама өтті.	https://www.instagram.com/tv/C391MiLAZOa/?igsh=MTVjMjdmYm9jaXQ4Mg== https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0qR1f7dcSXzeaRPmBHjxNmUdQkd8sBDwCz3QqSp6rbCzfKRH4c2s4oauNUBSJkBe2l&id=100028647434969
6	11-20.03 - «Nauryz Fashion Day» ұлттық киімдер насихаттау мақсатында саптық жиын өтті. Жайлау күніне орай мектеп безендірілді. Көрісу күні. Амал мерекесі болып өтті. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында, «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» әжелермен кездесу өткізілді. «Домбыра Party» ата-ана, мұғалімдер, оқушы ансамблінің күй орындау мерекелік саптық жиын «Бауырсақ party» ұлттық өнер көрмесі өтті. «Наурыз –ұлт мерекесі» тәрбие сағаттары болды. «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу, Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында мектебімізде “Өз Наурыз ұлы мерекем” атты мерекелік кеш болып, артынан ұлттық ойындар ойнатылды.	https://www.facebook.com/share/p/CSQNaCH7JkjdTJyB/? https://www.facebook.com/share/v/wVb24EkqJdBdwWnR/? https://www.facebook.com/share/p/USEnut6Rpogtm78i/? https://www.facebook.com/share/v/BcVDw7JFW6vjXTmM/? https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0J9FWvxcY1dGr635qT9JzUwx8UKeigwm9d8H3gh6Ghg8gH1WaaW47dZwEXe6S5JySl&id=100028647434969 https://www.facebook.com/share/p/i1xBJRNjyFYuAVSs/?

№	Өткізілген іс-шаралар	Сілтеме
1	2-12.04 - «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» бейне роликтер жасалды. Әр бейсенбі ауланы тазалау жұмыстарын ұйымдастырылып, мектеп оқушылары мектеп ауласын тазалауға шықты. АӘД, дене шынықтыру бірлестігі апталығы өткізілді. Қосымша берілген аудандық, облыстық байқауларға оқушылар қатыстырылды. Патриоттық айлық жоспар бойынша жүзеге асырылды. «Адам-Жер-Ғарыш» ғарышкерлер күні саптық жиын, сынып сағаттары өткізілді. «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» бейнероликтер мен сынып сағаттары өткізілді. «Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер өткізілді.	https://www.facebook.com/share/v/XeffYEtmaoa1jB3c/? https://www.facebook.com/share/p/u3sBp4d1EP2qHMTc/? https://www.facebook.com/share/v/z7NavSjFnZGAxjFD/?
2	15-26.04 - «Табиғатты аяла» сапта тұру жиынына барлық оқушылар қатысты. «Жайнаған , жаңарған Жаңаарқам!» жергілікті жердің тазалығын сақтай отырып, оқушылар сенбілікке шықты.	https://www.facebook.com/share/p/rRJJkfK85u4B5cen/? https://www.facebook.com/share/p/PE5JfWnBB4ijgTTA/?

	(Төрт тоқсан, төрт өнер) «Мәшһүр Жүсіп оқулары» , «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра», «Табиғатты аяла» республикалық форумының аудандық кезеңіне оқушыларымыз қатысып, жүлделі орындар алды. «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар мектебі» жобасы) әкелермен кездесу өткізілді. «Жол және біз» саптық жиын өтті. «Өрле Қазақстан» «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы бойынша шара өткізілді. «Кітапханаға саяхат» «Жеткіншектің жеті жарғысы» бойынша кітапханашы жұмыстар өткізді. Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушыларының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру жұмысын жүзеге асыру мақсатында слайдтар мен бейнероликтер көрсетілді.	
3	29-30.04 - Шахмат, тоғызқұмалақ тарихына байланысты саптық жиын өткізілді. (тоғыз айға тоғыз іс-шара) Шахмат, тоғызқұмалақ сайыстары ұйымдастырылып, өткізілді. «Құстар – біздің досымыз» тәрбие сағатты өтті. «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауының аудандық кезеңіне оқушыларымыз барып, жүлделі орындар алды. «Табиғатты аяла» тәрбие сағаттары өтті. Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130 - дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір - біріне деген сый - құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. 1 мамыр күніне орай Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде кішігірім мерекелік кеш өтті. Кешке 1-10-сыныптар қатысты.	https://www.facebook.com/share/p/qFnz8xzcPLpRbZR3/? https://www.facebook.com/share/p/w2mAVtZEUqoCah6q/?
4	2-17.05 - «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» сынып сағаттары өткізілді. («Жеткіншектің Жеті жарғысы» «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы бойынша шаралар өткізілді. «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» сынып сағаттары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) өтті. Мәңгі ұмытылмас күн! әскери-патриоттық оқу- дала жиыны өкізілді. «Жасыл мекен» табиғатты аяла аясында сапта тұру жиыны өтті. (тоғыз айға тоғыз іс-шара) «Абай оқулары» аудандық кезеңіне оқушылар қатысып, жүлделі орындармен келді. Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» «Ұлттық мектеп	https://www.facebook.com/share/p/mjKmt6qyh3hwQi1g/? https://www.facebook.com/share/p/cDG4ezb5zr6z5F7M/? https://www.facebook.com/share/p/nNAhseYsVPKAqd21/? https://www.facebook.com/share/p/xpUUQziURbAjA8Zx/? https://www.facebook.com/share/p/48TA9xZ4H9jdddWj/? https://www.facebook.com/share/p/YWjtG6CTSTc83vEe/?

	лигасы» аясында іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.«Оқырмандар отбасы» «Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша шаралар өтті. 20 әнді танымал ету мақсатында "ӘНШУАҚ" фестиваліне қатысып, «Домбыра», «Алақай», «Егемен ел – Қазақстан», «Ертегілер» әндерін оқушыларымыз орындады. 6-9-сынып оқушылары қатысты.	https://www.facebook.com/share/p/gzgGbsQJqyfoYP7K/?
5	20-31.05 - «Қоғамдық тәртіп және жеткіншек» сапта тұру жиыны өтті. «Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» сынып сағаттары өтті. («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)«Үздіктер шеруі 2024» бастауыш сыныптар арасында өткізілді.«Мағжан оқулары» аудандық кезеңіне оқушыларымыз қатысып, жүлделі орындр алды. «Жазғы сауықтыру лагерін» ұйымдастырылып, жоспарлар бекітілді.Абаттандыру жұмыстарын жандандыру жұмыстары жүргізілді. «Соңғы қоңырау» салтанатты сапта тұру жиыны өтті.Жаз айларындағы оқушы қауіпсіздігі туралы ата-аналар чаттарымен жұмыс жүргізілді.Ата-аналар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.	https://www.facebook.com/share/p/Zfg5eQrbbgBRfQ8P/? https://www.facebook.com/share/p/PcRiN8vixMYbxexk/?

Мектебімізде 11-сынып, 11-сынып жетекші, 116 оқушы.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы 3 құндылықтан тұрады: ұлттық мүдде,ар-ұят, талап

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бірнеше жоба бойынша жұмыс атқарады.

«Даналық мектебі» жобасы 3 клубтан тұрады, аналар, әкелер, әжелер. 3-тоқсанда ауылымыздың учасковыйының көмекшісі Айтбеков Жүрсіннің қатысуымен ата-аналармен кездесу ұйымдастырылды және бауырсақ пати кезінде әжелерімізбен де кездесу өткізілді. Ауа-райына байланысты көптеген әжелеріміз келе алмай қалды.

Әлсіз жағы: ата-аналардың жиналысқа қатысуы

Ұсыныс: әжелермен кездесуді жиі ұйымдастыру.

«Досбол лайк» 20 күндік шарасы өткізілді. Оқушылардың бос уақытын құр өткізбеу және досқа қамқор болу мақсатында өткізілген шара.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы бойынша әлеуметтік педагог «Профи TIME» мамандықтар әлемінде атты сыныптан тыс іс-шара өткізсе, сынып жетекшілер «Нашақорлықтың адам өміріне зияны» тәрбие сағаттарын өткізді және әртүрлі тақырыптарға байланысты апта сайын саптық жиындар өтті.

Әлсіз жағы: саптық жиынға оқушылардың дайындығы жоқ.

Ұсыныс: саптық жиындарда оқушылардың қатысын сынып жетекшілер қадағалауын күшейтсе.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» бастауыш сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Сынып жетекшілерге көп рахмет

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша Назгүл тәте жұмыс

жасауда

«Ұлттық мектеп лигасы» бойынша осы жолы оқушыларымыз тоғызқұмалақтан облыстық жарысқа барып, 19 жүлделі орын алып келді. Облыстық деңгейдегі өте үлкен жетістік. Қатысқан оқушыларымыз – Ғалым, Жақсат, Нұрсұлтан, Жанасыл, Каусар, Аянат, Айару, Інжу.

Ұсыныс: оқушылармен бірге мұғалімдер, ата-аналар арасында ойындар ұйымдастыру. Наурыз айындағы шараларда өз деңгейінде өтті. Сәуір және мамыр айларында жоспарға сай жұмыстар жасалды. Осы тоқсанда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық Құрылтайда ІІ, ІІІ отырыстарында «Өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, ұлт сапасы мен мәдениетін арттыру бойынша берген нақты тапсырмасына негізделген бұл Ұсыным «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүзеге асырылсын деген еді. Барлық білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу-жылының мамыр айында өткізілетін **«Мамыр – Ынтымақ айы»** айлығы ұсынылып, жүзеге асырылды. Тәрбие бағыты бойынша **«Мамыр – Ынтымақ айы»** айлық шарасының маңыздылығын арттыру үшін - **1, 6, 7, 9, 17, 24** мамыр күндерін қамтылды.

1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. *«Бірлік, Жасампаздық»* тақырыбында диктант 1-4 сыныптар арасында алынса, эссе жазу 5-11 сыныптар арасында жазылды. **6 мамыр** – Мемлекет басшысының **«Таза Қазақстан»** экологиялық акциясын қолдау мақсатында **«Түлектердің ағаш егу»** челенджі ұйымдастырылды. Республика бойынша мектеп бітіруші түлектер (9,11 сынып) мектептің ауласына ағаш отырғызды. **«7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» және «9 мамыр – Жеңіс Күні!»** әскери-патриоттық оқу- дала жиыны өкізілді. **10 мамыр, «Игі істер»** акциясына да мектебіміздің мұғалімдері атсалысты. **17 мамыр «Каникулда кітап оқиық»** буккроссингі өтті, 1-11-сынып оқушылары қатысты. **24 мамыр «Білім – Отаным»** жалпыреспубликалық тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатын Әнұранмен бастап, балалардың жыл бойы халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық білім жетістіктері мен тәрбие тағылымы бойынша кеңінен айтылып, оқушылар мен бірге ата-аналар да марапатталды. 25 мамырда мектеп бітіруші түлектер үшін **«Мектебім, саған мың алғыс!»** тақырыбындағы салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынға 20,40 жылдық түлектер мен ұстаздары қатысты.

Бұл ғана емес 20 әнді танымал ету мақсатында "ӘНШУАҚ" фестивалі де қатар жүргізілді. Мектеп оқушыларымыз 20 әнді толықтай айтып, атсалысып отырды. Соның нәтижесінде 4-сынып оқушысы Бақытқали Жанерке «Отан» әнін орындап, білім бөлімінің басшысынан мадақтама мен сыйлық алды. 2023-2024 оқу жылын қорытындылау мақсатында **«Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігі- болашақтың кепілі»** атты аудандық ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста білім бөлімінің басшысының алғыс хатын алған ата-аналарымыз Аманжолов Мурат пен Абдишова Бақытжан. Осындай ата-аналарымыз көп болсын! Білім бөлімінің басшысының алғыс хатын алған оқушыларымыз: Дәулен Інжу,

Мырзахан Кәусәр, Байжікен Нұрислам, Дәулетбай Жалғас, Сартбай Әлинұр, Амангелді Айша, Құдайберген Айару, Дүйсенбай Диляра.

Рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі 2023-2024 оқу жылында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізді. Тәрбие жұмыстары оқушыларды мейірімділікке, сыйластыққа, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында ұйымдастырылды. **1 қыркүйек – Білім күніне** арналған “Мектеп – мейірім мекені” атты салтанатты жиын мен “Сәлем, жаңа оқу жылы!” тақырыбындағы сынып сағаттарында оқушыларға білімнің құндылығы, мектептегі достық пен тәртіптің маңыздылығы жайлы түсініктер берілді. **Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне** орай “Тіл – кемел болашақ тұғыры” тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушыларды тілге деген құрметке, ұлттық рухты сезіне білуге тәрбиелеуге бағытталды. **13.09.23 – “Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік”** тақырыбында бастауыш сыныптарда танымдық сабақтар өткізіліп, адам өміріне деген жауапкершілік, қауіпсіздікке деген саналы көзқарас қалыптастыруға назар аударылды. **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** аясында әртүрлі бағыттағы тәрбие сағаттары мен жобалық жұмыстар жүргізіліп, оқушыларды әділдікке, еңбекқорлыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу жолға қойылды. **Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына** арналған шараларда оқушыларға ислам өркениетіндегі рухани көшбасшылардың орны мен еңбегі таныстырылып, рухани кемелденуге жетелеу бағытында жұмыс атқарылды. **“Менің сүйікті отбасым”** сурет көрмесі, **“Қарттарым – асыл қазынам”** тәрбие сағаттары, **“Қарияға қол ұшын соз”** акциясы сияқты іс-шаралар арқылы оқушылардың бойында отбасы құндылықтары мен үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық сынды адами қасиеттерді дамыту көзделді. **Мұхтар Мақатаевтың туған күніне** арналған “Жырлайды жүрек” атты поэзия кешінде оқушылар ақын шығармашылығы арқылы рухани тазалық, адамгершілік қасиеттер туралы ой толғап, мәнерлеп оқу арқылы эстетикалық талғамын дамытты. **Наурыз мейрамы** аясында ұйымдастырылған “Атадан – өсиет, анадан – қасиет” атты кездесу, “Бәрі де, Ана, өзіңнен басталады” атты концерт, “Домбыра party” секілді іс-шаралар ұлттық салт-дәстүрді насихаттау мен отбасыдағы тәрбиеге көңіл бөлу мақсатында жоғары деңгейде өтті. **“Адалдық – атадан қалған мұра”, “Оян, ар мен адалдық”, “Тағдырыңның кілті – өз қолыңда”, “Жеткіншектің жеті жарғысы”** сынды жобалар аясында оқушылар арасында адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық секілді рухани-адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын тәрбие сағаттары, дебаттар, пікірталастар, көрмелер ұйымдастырылды. **Отбасы күні, Аналар күні, Ұлттық құндылықтарды жаңғырту, позитивті ата-ана болу** тақырыптарында ата-аналармен өткізілген тренингтер мен жиналыстар – оқушы тәрбиесінде ата-ананың рөлін нығайтуға, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты арттыруға бағытталды. **Мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар** бойынша өткізілген зияткерлік ойындар, ұлттық ойын түрлері, ұлттық тағамдарды насихаттау, туған өлке тұлғаларын ұлықтау

сияқты бастамалар – балалардың ұлттық санасы мен рухани мәдениетін дамытуға үлес қосты. Оқушылар мен ұстаздар **тазалық, жинақылық, табиғатты аялау, қоршаған ортаға жанашырлық** тақырыптарында өткізілген шараларға белсене қатысып, азаматтық жауапкершілік, еңбекке деген құрмет, тазалыққа баулу бағытында да тәрбиелік мәні зор істер атқарылды. **Қорытынды:** Мектебімізде оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Тәрбие жұмыстары **ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар** аясында өрбіді. Барлық өткізілген іс-шаралар – оқушылардың рухани әлеуетін көтеруге, адамгершілік мінез-құлық қалыптастыруға, елжандылыққа тәрбиелеуге бағытталды.

Азаматтық-патриоттық тәрбиесін іске асыру

Азаматтық-патриоттық тәрбиені іске асыру мақсатында мектепте бірқатар жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Жаңа оқу жылының алғашқы күні **«Мектеп – мейірім мекені»** атты салтанатты жиынмен басталды. Бұл іс-шара оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырып қана қоймай, отанға деген сүйіспеншілігін нығайтуға бағытталды. Жыл бойы оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыру мақсатында **«Қазақстан – менің жарқын болашағым!»** сурет байқауы, **«Менің Отаным – Қазақстан»** атты мерекелік кеш, сондай-ақ **«Көк тудың желбірегені»** тақырыбындағы сынып сағаттары ұйымдастырылды. Бұл шаралар мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, отансүйгіштік сезімді тәрбиелеуге ықпал етті. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының **Президенті мен министрлерінің ұлықтау рәсімі** өткізілді. Бұл рәсім арқылы оқушылардың көшбасшылық қасиеттері мен жауапкершілік сезімдері қалыптасты. Сонымен қатар, **«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ»** тимбилдингі мен **«Тарих пен тіл тамырлас»** танымдық шарасы ұлтаралық келісім мен тарихи сана қалыптастыруға бағытталды. Ұлттық рухты дәріптеу мақсатында **«Бұқарекен жырлайды»** мәнерлеп оқу байқауы, **«Тәуелсіз ел бейнесі»** және **«Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы»** атты сурет байқаулары ұйымдастырылды. Сондай-ақ оқушылардың қорғанысқа дайындығы мен батырлық рухын қалыптастыруға арналған **«Мәңгі ұмытылмас күн!»** атты әскери-патриоттық оқу-дала жиыны өткізілді. Майдангерлер ерлігін ұлықтауға арналған **«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»** және **«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»** тәрбие сағаттары арқылы оқушыларға бейбіт өмірдің қадірі түсіндірілді. Тарихи тұлғаларды насихаттау мақсатында **«Сұлтан Бейбарыс – 800 жыл»** және **«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»** атты саптық жиындар ұйымдастырылды. Оқушылардың шығармашылығын дамыту мен ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру бағытында **«Абай оқулары»** мен **«Мағжан оқулары»** байқаулары өткізілді. Табиғатқа деген жанашырлықты қалыптастыру мақсатында **«Жасыл мекен»** саптық жиыны ұйымдастырылды. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған **«Қоғамдық тәртіп және жеткіншек»** жиыны мен **«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!»** тақырыбындағы сынып сағаттары

азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталды. Сонымен қатар, **«Жеткіншектің Жеті жарғысы»** жобасы аясында ұлттық-рухани құндылықтарды дәріптейтін бірқатар танымдық шаралар өткізілді. Жыл бойы оқушыларды азаматтық белсенділікке баулу мақсатында **«Жас ұлан» ұйымына қабылдау рәсімі** өтті. Ұлттық мәдениет пен өнерді насихаттау мақсатында **«Домбыра Party»** күй кеші және **«Әншұақ»** фестивалі ұйымдастырылды. Оқу жылының соңында өткізілген **«Соңғы қоңырау»** салтанатты жиыны да азаматтық-патриоттық тәрбие беру бағытындағы маңызды іс-шаралардың бірі болды. Азаматтық-патриоттық тәрбие – жас ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезімді, отансүйгіштік рухты, азаматтық жауапкершілік пен тарихи танымды сіңірудің маңызды құралы. Жыл бойы мектепте жүзеге асырылған түрлі тәрбиелік шаралар оқушылардың мемлекетке, халыққа, ел рәміздеріне деген құрметін арттырып, ұлттық құндылықтарды бағалауға, бейбіт өмір мен тәуелсіздіктің маңызын ұғынуға ықпал етті. Өткізілген іс-шаралардың әрқайсысы оқушылардың жеке тұлғалық қалыптасуына, белсенді азамат болып өсуіне, өз елінің тарихы мен мәдениетіне деген мақтаныш сезімін дамытуға бағытталды. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын тауып, ұрпақ тәрбиесінде өзінің мән-маңызын жоғалтпайды.

Эстетикалық тәрбиесін іске асыру

Эстетикалық тәрбие оқушылардың өнерге, сұлулыққа, табиғат пен қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырып, рухани дүниесін байыту мақсатында ұйымдастырылды. **"Жас суретшілер байқауы"** шарасында оқушылар өздерінің қиял-елестерін қағаз бетіне түсіріп, түрлі жанрда салынған суреттерін ұсынды. Бұл байқау балалардың көркемдік қабілеттерін шыңдап, өз өнерін еркін көрсетуге мүмкіндік берді. **"Кітап – рухани байлығым"** көрмесі аясында оқушылар сүйікті кітаптарымен бөлісіп, әдеби шығармалардан үзінді оқып, кітаптың эстетикалық мәні мен маңыздылығы туралы ой қозғады. **"Ұлттық киім – ұлт келбеті" сән үлгісі көрмесі** ұйымдастырылып, онда әр ұлттың дәстүрлі киімдері таныстырылды. Бұл шара арқылы оқушылар ұлттық нақыштағы киімдердің сұлулығын бағалап, киім арқылы халықтың болмысын тануға үйренді. **"Наурыз шеруі"** мерекелік шарасында оқушылар ұлттық дәстүрді насихаттап, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасап, ұлттық нақыштағы киімдер киіп, ән мен би арқылы қазақ халқының мәдениетін көрсетті. **"Музыкалық кеш – өнерге тағзым"** атты концерттік бағдарламаларда оқушылар ән айтып, аспапта ойнап, көрермендерге рухани әсер сыйлады. Бұл кеш оқушылардың өнерге деген қызығушылығын оятып, сахналық мәдениетті меңгеруге ықпал етті. Эстетикалық тәрбие бағытындағы атқарылған жұмыстар оқушылардың өнерге деген көзқарасын қалыптастырып, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға зор ықпал етті. Әр шара оқушының ішкі жан дүниесін байытып, эстетикалық талғамын тәрбиеледі. Оқушылар өздерін еркін көрсетуге, мәдениеттілікке, ұқыптылыққа, сұлулықты бағалауға үйренді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы шаралар өз жалғасын таба бермек.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету

Еңбек және дене тәрбиесі оқушылардың еңбекке баулу, жауапкершілік пен тәртіпке үйрету, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды. Бұл бағыт бойынша мектепте бірқатар жүйелі іс-шаралар ұйымдастырылды. **"Мектеп ауласын көріктендіру"** сенбілігі барысында оқушылар мектеп ауласындағы ағаштарды әктеп, гүлзарларды тазалап, гүл отырғызды. Бұл шара арқылы балалар еңбекке баулынды, табиғатқа деген жанашырлық сезімі дамыды. **"Таза аула – таза мектеп"** акциясы өткізілді. Акция аясында оқушылар оқу кабинеттері мен дәліздерді жинастыруға атсалысып, тазалықтың маңыздылығы туралы ақпараттық парақшалар таратты. **"Менің алғашқы еңбек тәжірибем"** жобасы шеңберінде жоғары сынып оқушылары бастауыш сыныптарға көмек көрсетіп, іс-қағаздарын реттеуге, сынып бөлмелерін тазартуға атсалысты. Бұл жоба оқушылардың жауапкершілік сезімін арттырып, еңбек дағдыларын қалыптастырды. **"Денсаулық фестивалі"** атты спорттық іс-шара ұйымдастырылып, оған барлық сынып оқушылары қатысты. Шарада жүгіру, эстафета, секіру және арқан тарту сияқты спорт түрлері бойынша жарыстар өтті. **"Спорт – салауатты өмір салтының негізі"** атты ашық сабақтар мен жаттығу сағаттары өткізіліп, оқушылар дене шынықтыру жаттығуларының маңыздылығымен танысып, күнделікті өмірде спортпен айналысу әдетін қалыптастыруға бағытталды. Аталған іс-шаралар оқушыларды еңбекке баулып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиеледі. Еңбек ету мен спорттық белсенділік арқылы балалардың тұлғалық дамуына, тәртіпке, ұқыптылыққа, табандылыққа және топпен жұмыс істеу дағдыларына оң әсер етті. Болашақта бұл бағыттағы жұмыстардың ауқымы кеңейтіліп, жүйелі түрде жалғасын табатын болады.

Сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Сабақтан тыс әрекеттер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, бос уақыттарын тиімді өткізуге, ұжымдық қарым-қатынас пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталды. Осы мақсатта мектепте түрлі бағыттағы үйірмелер, клубтар мен жобалар ұйымдастырылып, жүйелі түрде өткізілді. Оқушылардың шығармашылығын дамыту, қызығушылықтары мен қабілеттерін жетілдіру мақсатында мектепте әртүрлі бағыттағы үйірмелер мен клубтар ұйымдастырылды. **«Дебат» үйірмесі** оқушылардың сыни ойлау қабілетін, шешендік өнерін дамытуда маңызды рөл атқарды. Үйірме мүшелері мектепішілік, аудандық және облыстық пікірсайыс турнирлеріне қатысып, өз білімдері мен көшбасшылық дағдыларын көрсете білді. **«Шахмат және тоғызқұмалақ» үйірмесі** логикалық ойлау мен зияткерлік қабілетті дамытуға бағытталды. Оқушылар мектепішілік жарыстарда белсенділік танытып, ұлттық ойынды меңгеріп, зияткерлік сайыстарға қатысты. **«Теннис» үйірмесі** арқылы оқушылардың дене дайындығы жақсарып, салауатты өмір салтын ұстануға дағдыланды. Үйірмеге қатысушылар мектепішілік спорттық жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті. **«Домбыра» үйірмесі** арқылы ұлттық өнер

мен мәдениетке деген сүйіспеншілік артты. Үйірме мүшелері түрлі мерекелік шараларда күй тартып, мектептің мәдени өмірін байыта түсті. Осы үйірмелер мен клубтық жұмыстардың арқасында оқушылар өз қызығушылықтары бойынша дамуға мүмкіндік алып, шығармашылықпен айналысуға, зияткерлік және спорттық әлеуетін арттыруға жол ашты. Сабақтан тыс әрекеттің осындай нысандары оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, олардың мектеп өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Әр үйірме оқушылардың болашағына бағытталған маңызды алаңға айналды.

2023-2024 оқу жылы атқарған тәлімгердің жұмысы

1.1. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы болып табылады.

1.2. «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.

1.3. «Жас Ұлан» өзінің қызметін шығармашылық, спорттық, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесе жүзеге асырады.

1.4. «Жас Ұлан» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамасы және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. «Жас Ұланның» мақсаты:

- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

2.2. «Жас Ұланның» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

3. Қызметтері мен қағидалары

3.1. «Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;

- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

3.2. «Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;
- еріктілік және қол жетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;
- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

4. Мүшелік, оған қабылдану және шығу тәртібі

4.1. «Жас Ұлан» ұйымында мүше болудың екі деңгейлі жүйесі бар. «Жас Ұланның» жоғары буынына 5-10 сынып, ал «Жас Қыран» төменгі буынына – 1-4 сынып оқушылары, сонымен қатар «Жас Ұланға» өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ерікті түрде ниет білдірген балалар мен жасөспірімдер қабылданады.

4.2. Мүшелерді ұйымға қабылдауды «Жас Ұлан» бастауыш ұйымы жүргізеді. Ұйымға қабылдау жылына 3 рет өткізіледі: 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 6 шілде – «Жас Ұлан» құрылған күні, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

4.3. «Жас Ұланнан» ерікті түрде шығу үшін «Жас Ұлан» бастауыш ұйымының жетекшісіне жазбаша өтініш береді.

4.4. «Жас Ұлан» Ережесін бұзған ұйым мүшелеріне келесідей шаралар қолданылады: ұйымның жалпы жиналысында талқылау, ескертулер жасау, сөгіс жариялау, ұйымнан шығару туралы ескерту жасау. Ең қатаң шара – ұйымнан шығару.

4.5. Ұйымнан шығару мәселесі бастапқы ұйымның жалпы жиналысында қаралады. Шығару туралы шешім Мектеп комитеті мүшелерінің кемінде $\frac{2}{3}$ -і дауыс берген жағдайда ғана қабылданады және бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

5. «Жас Ұлан» мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. «Жас Ұлан» мүшелерінің құқықтары:

- «Жас Ұлан» қызметіне белсенді қатысу;
- «Жас Ұлан» басқару органының құрамына сайлану және сайлау;
- «Жас Ұлан» жұмысының бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы табыстары және ерекше жеке жетістіктері үшін мақтаулар мен мадақтаулар алу (грамоталар, дипломдар, жазғы және сауықтыру лагерлеріне жолдама, «Жас Ұлан» Алтын Кітабына ену);
- «Жас Ұлан» органына өтініш, арыз, сұрақтар, бастамалар мен ұсыныстар беруге;
- Ұйымның барлық деңгейінде қызметі туралы ақпарат алуға;

5.2. «Жас Ұлан» мүшелерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба, Әнұран), өз елінің патриоты болу;
- «Жас Ұлан» Ережесін және басқару органдарының шешімін орындау;
- «Жас Ұланның» өзге мүшелері мен олардың құқықтарын құрметтеу, мойындау;
- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті болу;
- салауатты өмір салтын ұстану, оны өз құрдастары арасында насихаттау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

6. Рәміздері мен ерекше белгілері

6.1. «Жас Ұлан» балалар ұйымының рәміздері: ұран, әнұран, ту, галстук, төсбелгі, эмблема болып табылады.

6.2. **Ту** – бұл балалар мен жасөспірімдер бірлігін бейнелейді. Ол республикалық ұйымда және оның барлық бөлімшелерінде (мектептік, аудандық/қалалық, облыстық) болуы қажет.

Ту - тік төртбұрышты 200×100 см өлшемдегі ақ түсті ортасында ұйым белгісі бейнеленген кездеме. Ұйым белгісі және атауы кестелік тігіспен, бояумен немесе матамен аппликациялау арқылы жазады. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Кездеменің бойы алтын түстес шашақтармен жиектелген.

Ту ағаш сабына сүңгі арқылы бекітіледі. Сүңгі ұлттық өрнек нақышында жасалынады. Тудың ағаш сабының ұзындығы металл (пластмасса) сүңгінің ұзындығымен қоса 2 м 20 см биіктікті құрайды. Оған алтын түстес шашақты бау байланады.

Ту салтанатты рәсімдерде, шерулерде, мемлекеттік мерекелерде шығарылады. Ол арнайы ағаш тіреуде қаптаулы түрде сақталады немесе бөлменің отрасында Ұйымның салттық қабырғасында әйнекте тұрады. Ерекше жағдайларда туға мәртебелі қарауыл қойылады, ол ту ұстаушы мен екі атқосшыдан тұрады. Қарауыл кезегі әр 10-15 минут сайын ауысады. Алыс жолдарға туды қапталған күйде иыққа салып апарды. Ту ұстаушылардың киімі ұйымның ерекше белгілеріне сәйкес келеді. Міндетті түрдегі рәміздер: ленталар (аксельбанты), бас киім, ақ қолғап болып табылады. Лента мен бас киімнің түсі бірдей – көгілдір.

6.3. **Галстук** – бұл балалар ұйымының ерекше белгісі. Түсі – аспан түстес көгілдір. Галстук өлшемі 40×130 см. Галстуктың оң жақ бұрышында «Жас Ұлан» логотипі орналасқан. «Жас Ұлан» логотипінің диаметрі 4 см шеңбер түрінде жасалған.

6.4. **Ұран** – ұйымның ерекше белгісі. Ол ұйымның, бірлестіктің ең негізгі ойын, идеясын білдіреді.

6.5. **«Жас Ұланның» ерекше белгілері** болып ұйымның идеясын айқын жеткізетін төсбелгілер, барабан, айырмашылық белгілері (шеvronдар) сияқты белгілі заттар мен белгілер саналады.

7. Құрылымы

7.1. «Жас Ұлан» негізі «Жас Ұланның» бастауыш ұйымы болып табылады.

7.2. Бастауыш ұйым мектептің деңгейінде еріктілік негізінде құрылады.

7.3. «Жас Ұланның» бастауыш ұйымы **«Жас Ұлан» мектеп комитеті** болып табылады.

7.4. «Жас Ұлан» бастапқы ұйымдары (бұдан әрі – Мектеп комитеті) «Жас Ұлан» мектеп комитетінің жалпы жиналысының шешімімен құрылады. Мектеп Комитетінің жалпы жиналыс шешімі, егер оған барлық сыныптардың көшбасшылары, ұйым бағыттарының жетекшілері қатысқанда ғана қабылданды деп есептеледі.

7.5. «Жас Ұлан» көшбасшысы – барлық деңгейде **«Ұлан басшысы»** деп аталады, ол 9-10 сынып оқушылары арасынан жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен бір оқу жылына сайланады.

7.6. Атқарушы орган – Мектеп комитетін атқарушы хатшы басқарады, оны (педагог, тәлімгер, ұйымдастырушы - әдіскер мектеп ұстаздары қатарынан) Мектеп комитетінің жалпы жиналысында «Жас Ұлан» аудандық кеңесі және мектеп әкімшілігінің келісуі бойынша бекітеді.

7.7. **Аудандық/Қалалық атқарушы хатшыны** аудандық/қалалық Кеңестің шешімімен Аудандық/қалалық білім басқармасы және Облыстық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді.

7.8. **Облыстық атқарушы хатшыны** облыстық Кеңестің шешімімен облыстық білім басқармасы және Республикалық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді.

7.9. **Аудандық/Қалалық Кеңес** құрамына Мектеп комитеттерінің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

7.10. **Облыстық Кеңес** құрамына Аудандық/Қалалық Кеңестердің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

8. Басқарушы органдар

8.1. **Жоғары кеңесуші органы - «Жас Ұлан» Республикалық Құрылтайы** болып табылады. Құрылтай кемінде жылына бір рет өткізіледі.

8.1.1. Құрылтайды шақыру, күн тәртібін, регламент, өкілеттілік нормасы мен делегаттарды сайлау тәртібін Республикалық Кеңес анықтап, жариялайды. Оны төтенше және кезектен тыс шақырылымдарды есептемегенде, өткізілу күнінен екі ай мерзімге дейін уақытта хабарлауы тиіс.

8.1.2. Төтенше және кезектен тыс Құрылтай Кеңес төрағасы немесе Кеңес мүшелерінің $\frac{1}{3}$ -інің бастамасымен Кеңес шешімі негізінде шақырылады.

8.2. Басқару органы - Республикалық Кеңес.

8.2.1. Республикалық Кеңес отырысы жылына үш рет, соның ішінде күнтізбелік жыл соңында Кеңестің есеп беруі өткізіледі. Кеңес төрағасы өз бастамасымен немесе Кеңес мүшелерінің $\frac{1}{3}$ -інің бастамасымен кезектен тыс Кеңес отырысын шақыра алады. Кеңес шешімі оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Өткізу тәртібі мен дауыс беру түрін Кеңес мүшелері алдын ала жұмыстың басында белгілейді.

8.2.2. Кеңес құзіретіне келесілер кіреді:

- «Жас Ұлан» ережесін бекіту;
- ұйым бюджеті мен жылдық қаржылық есептерін бекіту;
- ұйым Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бастамасы;

- ұйымның бағдарламасы мен негізгі бағыттарын анықтау және оларды «Жас Ұлан» Құрылтайына ұсыну;
- «Жас Ұлан» Құрылтайының күн тәртібін бекіту;
 - Төтенше және кезектен тыс Құрылтайды өткізу туралы шешім қабылдау;
- Кеңес Төрағасын 2 жыл мерзіміне сайлау;
- Ұйымның құрметті мүшелерін қабылдау;
- Ұйымның бөлімшелерін құру және қысқарту туралы шешім қабылдау, Ұйым бөлімшелері туралы Ережені бекіту;
- «Жас Ұлан» қызметіне байланысты басқа да мәселелер.

8.2.3. Кеңестің құрамы делегаттар қатарынан анықталып, сайланады (әр облыстан, Алматы және Астана қалаларының атқарушы хатшылары мен «Ұлан басшыларын» қосқанда 2 адамнан).

8.2.4. Кеңестің өкілеттілік мерзімі – екі жыл.

8.3. Кеңестің жалпы қызметіне Кеңес Төрағасы жетекшілік етеді.

8.3.1. Кеңес төрағасының өкілеттігі Құрылтайдың сәйкес шешімі болған жағдайда мерзімнен бұрын тоқтатылады;

8.3.2. Кеңес төрағасы келесідей қызметтерді атқарады:

- Құрылтайда есеп береді;
- төтенше және кезектен тыс Кеңес отырысын өткізу бастамасын айтады;
- Кеңестің қызметін үйлестіреді және Кеңес отырыстарына басшылық етеді;
- «Жас Ұлан» қызметін ұзақ мерзімді жоспарлау барысын үйлестіреді;
- мемлекеттік және басқада мекемелер мен ұйымдармен қарым-қатынаста «Жас Ұланның» ресми өкілі болады;
- ұйым қызметін басқару, штаттық кесте және лауазымдық нұсқаулықтарды атқарушы директордың ұсынуымен бекітеді;
- ұйым атынан сенімхатсыз әрекет етеді.

8.3.3. Кеңес төрағасының орынбасарлары болады. Орынбасарларды «Жас Ұлан» Кеңесі сайлайды.

8.4. Атқарушы орган – Атқарушы директорат. Оны Атқарушы директор басқарады.

8.4.1. Атқарушы директорды Төрағаның ұсынымы негізінде Республикалық Кеңес тағайындайды.

8.4.2. Атқарушы директор ұйым қызметін оперативті басқаруды жүзеге асырады, Құрылтайға, Кеңеске, Кеңес төрағасына есеп береді, олардың шешімін орындайды. Атқарушы директор ұйым алдында қызметінің нәтижесі мен заңдылығы бойынша жауапты.

8.4.3. Атқарушы директор құзіретіне:

- өз мүлкі аясында ұйым қызметіне қажетті материалды-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етеді;
- жарғыдағы қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржы көздері мен материалдық құралдарды тарту;
- Кеңес пен Құрылтайдың кезекті және кезектен тыс отырыстарын ұйымдастыру;
- бекітілген бюджетке сәйкес мүлік пен қаражатқа иелік ету;

- кадрлық мәселелерді шешу, орынбасарлары мен аппарат құрылымының жетекшілерін Кеңес Төрағасының келісімімен тағайындайды;
- ұйым қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, олардың ауысуы мен жұмыстан шығу туралы бұйрық шығарады, атқарушы директорат құзіреті шеңберінде барлық қызметкерлерге орындауға міндетті талаптар жасайды, сонымен қатар келісім шарт негізінде қызметкерлерді қабылдайды;
- еңбекақы жүйесін анықтайды, сыйақы беру, мадақтау шараларын қарастырады және тәртіптік сөгіс жариялайды;
- ұйым атынан келісім-шарт жасайды;
- Кеңестің және Құрылтайдың құзіретіне кірмейтін басқа да өкілеттікті жүргізеді.

8.4.4. Атқарушы директор өз уәкілдігін немесе бір бөлігін өзінің орынбасарларына беруге құқылы

8.4.5. Атқарушы директор өз қызметін жүзеге асыра алмағанда, оның қызметі жаңа директорды сайлағанға дейін орынбасарына жүктеледі.

8.4.6. Атқарушы директор қызметінен Кеңестің сәйкес шешімі болған жағдайда мерзімнен бұрын босатылады.

9. Халықаралық жұмысы

9.1. «Жас Ұлан» қызметі Бала құқықтары туралы Конвенция және Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмейтін халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен жас ұрпақты тәрбиелеу саласында өзара әрекеттеседі.

9.2. «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен балалардың зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуына қолайлы жағдайлар жасауға, азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың жобаларына қатысады.

"Жас Ұлан" және "Жас Қыран" ұйымдарының ресми нышандары

«Жас Қыран» белгісі. Қыран бейнесі қазақ елінің өскелең ұрпағы қырандай күшті, білімді, әрқашанда биік шыңдардан көрініп, алғыр болуының айғағы. Белгінің жоғарғы оң жағында шуағын шашып тұрған күн бейнеленген. Күн - жастарға болашаққа нық сеніммен қарауға жол ашады. жалпы күн бейнесі өміршендіктің, байлықтың белгісі.

«Жас Ұлан» белгісі. Дөнгелек шар тәрізді форма. Шар - өмір мен мәңгіліктің бейнесі. шардың жоғары жағында орнамент сипатындағы өрнек - бұл қазақстанның төбесінді мәңгілік күн жарқырап тұруының белгісі. Бейбітшіліктің, тұрақтылықтың нышаны. шардың ортасында Алтын адам бейнеленген, ол еліміздің Тәуелсіздігінің символы. Алтын адамға қоса өрнектелген ою өрнек - қазақ елінің салт-дәстүрінің жарқын бейнесін сипаттайды.

«Жас Ұлан» галстугі. Атлас матадан тігіледі. Ашық көк түсті оң жақ бұрышында ұйымның белгісі тігілген. Көк түс - жастарымыздың білімі теңіздей терең, бейбіт өмір сүру мен тәуелсіз болуының нышаны және молшылықтың белгісі.

<https://drive.google.com/file/d/15R9pY-tHQGHITiVLWYSoo49AN77UaNcn/view>
https://drive.google.com/file/d/1HYRM6NImcswO-sO1j03_uVEL4rBBBQYB/view

Іс шаралар	сілтемесі
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің ағылшын тілі мұғалімі М.Боранқұлованың 30-тамыз - Конституция күнімен құттықтауы	https://www.facebook.com/share/v/1ErTZNr9sc/?mibextid=wwXlfr
“ Мектебім – мейірім мекені!”атты білім күніне арналған мерекелік шарамыз өткізілді. Құндылық: Ұлттық мүдде Мақсаттары 1. Білімділік: адамгершіліктің жоғары этикалық нормалары екендігіне көз жеткізу; татулық, достық адами қасиеттердің өмірдегі маңыздылығын түсіндіру; 2. Дамытушылық: Адамгершілік, адалдық туралы мақал - мәтелдер, өзіндік ой - пікірлерімен бөлісу арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу; 3. Тәрбиелік: Адамдардың өмірінде әділдік пен адалдықтың алатын орны ерекше екені туралы ой - пікірлерін кеңейту; көркем шығармадағы және қоршаған ортадағы достық қарым – қатынастың көріністерін бағалау қабілеттерін дамыту.	https://www.facebook.com/share/v/1BLrbuCsCS/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебі бойынша 8.09.23 күні Балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында “сергіту сәті” челленджі өтті.” Челленджге 117 оқушы, 20 мұғалім, 10 ата-ана қатысты.	https://www.facebook.com/share/v/16uV2xGu1U/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде “Назар аударындар, балалар!” Жобасы бойынша бастауыш сыныптарда «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік» танымдық сабақ, 5-8-сыныптар арасында «Жол тәртібін біле жүрейік!» тренинг, жоғарғы сыныптармен «Оқушылардың жол көлік қозғалысы кезінде өзін - өздері ұстауы» брифинг өткізілді.	https://www.facebook.com/share/p/14NDD1Kb68W/?mibextid=wwXlfr
20.09.2023 күні Ынтымақ ЖББ мектебінде «Жас ұлан» “Жас Қыран”ұйымының отырысы өтті. 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарымен таныстырылып, сынып белсенділері тағайындалды.	https://www.facebook.com/share/p/16xBV7FHLj/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының белсенділері «Тазалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен 5-10 сынып оқушылары жоспарға сай мектеп ауласын тазалауға белсене араласты.	https://www.facebook.com/share/p/1Axc4tmQAD/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Менің сүйікті отбасым” тақырыбында 2-5 сынып оқушылары арасында сурет көрмесі өтті. Мақсаты: оқушыларды отбасындағы сыйластық, ынтымақ, бірлік сияқты қарым-қатынасқа үйрету. Туыстарына, жақындарына сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/share/p/14H2HFcidT1/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” ұйымының белсенділері қарттар күніне өз ата - апаларын ашық хатпен құттықтап, қабырға газеттерін ілді. Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/share/v/16DT8E1h2j/?mibextid=wwXlfr
2.10.2023 ж “Қария қол ұшын соз” жобасын қолдау мақсатында 5-6-сынып оқушылары қарияларға қол ұшын созып, алғыс, баталарын алып қайтты!	https://www.facebook.com/share/v/1JCCgKhphy/?mibextid=wwXlfr
5.10.23 күні мектебімізде ұстаздар күніне байланысты “Дублер күні” аталып өтілді. Кейін ұстаздарымызға арнап оқушылардың атынан концерт берілді.	https://www.facebook.com/share/p/1

	BDf6dydKC/?mibextid=wwXlfr
Бүгін, мектебімізде Ұстаздар күні аталып өтті. Ұстаздар күні - орны бөлек, дәрежесі биік, ең ұлық та ұлағатты мереке. Адамзат тарихында білімнің, өркениеттің мүддесі үшін қызмет етер ұстаздың еңбегі ерен. Олай болса, бүгінгі мереке күнінде барша Ұстаздарға дендеріне саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Отбасыларыңызда әрқашан бейбітшілік, келісім, қуаныш пен жайлылық орнасын.	https://www.facebook.com/share/v/16EEeoeimh/?mibextid=wwXlfr
5-10-сынып оқушылары арасында “Арайлы алтын күз” атты жәрмеңкесі өтті! Әр сынып өте белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Мақсаты: Күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру; Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүюге	https://www.facebook.com/share/v/17LQwJZDYe/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауына үміткерлер. Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Оқушылардың сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Ешкімнің оқушыны сайлауға қатысу немесе қатыспауына мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруіне шектеу қоюға құқығы жоқ. 20 қазан үміткерге дауыс беруге шақырамыз.	https://www.facebook.com/share/v/1CtKkGSD29/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде Республика күніне қарсы 21 қазан күні мектеп парламент мүшесіне сайлау өтті. Сайлаудың қорытындысы бойынша мектеп Президенті 9-сынып оқушысы Мырзахан Кәусар болды. Құттықтаймыз.	https://www.facebook.com/share/v/1E2AfKwVGh/?mibextid=wwXlfr
“25 қазан Республика” күніне орай бір мезетте "Open Voice", ҚР Мемлекеттік әнұраны орындалды.	https://www.facebook.com/share/p/1CdstjVnMk/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде Республика күні мерекесіне орай “Менің Отаным-Қазақстан” атты мерекелік кеш өткізілді. Мерекелік кеш мемлекеттік әнұранмен басталып, артынан көңілашар ән, билер көрермендердің көңілінен шығып, іс-шара жоғары деңгейде болды.	https://www.facebook.com/share/v/1VtrXFyekr/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде тәлімгер М.Кокенованың ұйымдастыруымен 27 қазан күні жаңа сайланған мектеп Президенті және фракция министірлерінің ұлықтау (инагурация) рәсімі өткізілді. Ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/share/v/16qjCTuADS/?mibextid=wwXlfr
“JAIDARMAN” маусымашар лигасында керемет ойын көрсеткендері үшін “Қасапшылар” командасы келесі кезеңге өтті.	https://www.facebook.com/share/v/16qjCTuADS/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде “ЖасҰлан” “ЖасҚыран” ұйымы “Ұлттық валютаның 30 жылдығы” тақырыбында 15 қараша – Ұлттық валюта күні аталып өтті. Тәуелсізеліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңге мен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменнен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне, отанына сүйіспеншілігін ояту.	https://www.facebook.com/share/v/16qjCTuADS/?mibextid=wwXlfr

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі 20 қараша күні сағат 11.00 "Өркен" Балалардың саламаттығы ұлттық ғылыми практикалық орталығы институты ұйымдастыруымен өткізіліп отырған "Еркін тыныс ал!" Жалпыреспубликалық флешмобқа қатысты. Іс-шара балалардың психологиялық денсаулығын қолдауға, зиянды әдеттерден сақтандырып, пайдалы іс -әрекеттерге белсенді және ынтымақпен құлшынысын ояту үшін арналған. “Біз темекі шегуге қарсымыз! Еркін тыныс ал!" ұранын бірауыздан айтып аяқтады.	https://www.facebook.com/share/v/1AApRVKLDm/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде дебат қозғалысы фракциясының ұйымдастыруымен “Қоғам және жастар” тақырыбында пікірсайыс өтті. Пікірсайысқа “Болашақ”, “Ынтымақ”, “Таланттылар”, “Дарындылар”, “Жұлдыз” командалары қатысты. Пікірсайыс қорытындысы бойынша “Ынтымақ” командасы 1 орын, “Жұлдыз” командасы 2 орын, “Болашақ” командасы жүлделі 3 орынға ие болды.	https://www.facebook.com/share/p/1DBqZpLbfo/?mibextid=wwXlfr
“Жас Ұлан” “Жас Қыран” оқушыларының ұйымдастыруымен “Эко планета” сурет байқауы ұйымдастырылды.	https://www.facebook.com/share/p/1Es3Aq7fX2/?mibextid=wwXlfr
“Жас Ұлан” ұйымының ұйымдастыруымен “Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз” акциясы өтті.	https://www.facebook.com/share/v/1FVNNQhiXp/?mibextid=wwXlfr
“Жас Қыран” ұйымының оқушылары “Жирен жаман әдеттен” тақырыбында сурет байқауына қатысты. Ең үздік оқушыны жүлделі орындармен марапатталды.	https://www.facebook.com/share/p/1DBqZpLbfo/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББМ «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына қабылдау рәсімі өтті. «Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ал міндеттері — әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.	https://www.facebook.com/share/v/1AW9Y5UNvM/?mibextid=wwXlfr
“Жас Ұлан” “ Жас Қыран” ұйымының оқушыларымен “Тәуелсіз елдің мақтаныш” тпқырыбында кездесу өтті. Оқушыларды Тәуелсіз елін шексіз сүйуге баулу, ынтымағы мен бірлігі жарасқан елдің ұланы екенін мақтанышпен сезіне білуге, тәуелсіздікті аңсаған ата-баба аманатына адал болуға, ұлтының салт-дәстүрін, өнері мен мәдениетін, тілін сүйе білуге баулу.	https://www.facebook.com/share/p/1FH9vcz7ug/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Тәуелсіздік-тұғырым!” атты мерекелік шара өтті. Өткізілген шараның негізгі мақсаты - Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, Атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт - бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рух тәрбиелеу. Өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздік бастауы - ызғарлы Желтоқсан оқиғасы екенін жете түсіндіру	https://www.facebook.com/share/v/1AApRVKLDm/?mibextid=wwXlfr
"Кел төріме, Жаңа жыл!" Жаңа жылымыз табысты, берекелі, жемісті болсын!	https://www.facebook.com/share/v/1

	ALgPU1qdw/?mibextid=wwXlfr
“Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының тоқсандық қорытынды жиналысы өтті.	https://www.facebook.com/share/v/1CBehzGe28/?mibextid=wwXlfr
"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында оқушылармен "Профи-time" пікірталасы өткізілді. Пікірталас 7 бағыт бойынша ұйымдастырылып оқушыларға мамандықтарға байланысты бағыттар беріліп, сұрақтар қойылды. Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі жайлы түсініктерін кеңейту. Өткізген: Кокина Г, Кокенова М.	https://www.facebook.com/share/p/1FH9vcz7ug/?mibextid=wwXlfr
«Қазақстан ҚВН Одағы» Республикалық жастар қоғамдық бірлестігі «Жаңаарқа-Жайдарман» филиалы және Жаңаарқа ауданының Жастар ресурстық орталығы «Қасапшылар» ҚВН командасын Аудандық Жайдарман «Жекпе-жек» форматында өткен топтық ойынға қатысып, 3:2 ұпаймен жеңіп финалға жолдама алды. Қолдау көрсеткен Сәтбаев Нұрболат Аманқанұлына және Боранқұлова Мәдениет Бейсенқызына, жетекшісі Кокенова Меруертке балалар алғыстарын білдіреді.	https://www.facebook.com/share/v/1CBehzGe28/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББМ “Жастар және Қоғам” тақырыбында пікірсайыс өтті. Мақсаты: Оқушыларға жастар және олардың қоғамдағы орны туралы түсінігін жетілдіру, өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын жеткізе білуге бағыт беру. Оқушылардың қоғамдағы міндеті мен жауапкершілігін сезіндіру. Қоғамға, өз ортасына саналылықпен қарау сияқты көзқарасын қалыптастыру. Өз ойын еркін айта білуге, жүйелі, шешен сөйлеуге баулу, қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік: Оқушылардың қоғамда өзін ұстай білу мәдениетіне, сыйластыққа және адамгершілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелеу. Тәрбие бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру. Жетекшісі: Елеусизова К. Кокенова М.	https://www.facebook.com/share/p/1735Gh4Tin/?mibextid=wwXlfr
“Жас Ұлан”, “Жас Қыран” ұйымы оқушыларының ұйымдастырумен “Қысқы сыйлықтар” акциясы өтті. Мақсаты: балалардың білімін арттыра отырып шағын тәттілермен қуанту. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/19nfBKbUef/?mibextid=wwXlfr
"Досбол like" жобасы аясында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері “тосын сый” акциясын жасады. Дос туралы мақал- мәтел айтқан ұстаздарға дәмді чебурек ұсынылды. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/19nfBKbUef/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББМ “ДосболLike” жобасы аясында оқушылардан «Менің досым» тақырыбында шығарма алынды. Мақсаты: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру. Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/share/p/14MmwivV58U/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Өзін-өзі басқару” ұйымы “Сенің досың кім?” деген тақырыпта сауалнама алды. Досы уәдесіне берік болса, қандай жағдай да досымен бірге болса, қолынан келген көмегін	https://www.facebook.com/share/p/1

аямаса, оның көңілін көтеріп жабырқағанда қасынан табылса, ол әрине айнымас дос.	9iuNFRQGe/?mibextid=wwXlfr
“Досбол Like” жобасы аясында “Жас Ұлан”, “Жас Ұыран” ұйымының ұйымдастырумен Ынтымақ ЖББМ оқушылар арасында челлендж ұйымдастырылды. Достығымыз мәңгі болсын. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/17DVkVoPbF/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Адал Ұрпақ” клубы “Жастар және қоғам” тақырыбында пікірталас және “Мектеп формасы” тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға жастар және олардың әрекеті туралы түсінігін жетілдіру, өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын, ой толғауларын жеткізе білуге бағыттау. Оқушылардың қоғамдағы міндеті мен жауапкершілігін сезіндіру. Қоғамға, өз ортасына саналықпен қарау сияқты көзқарасын қалыптастыру. Өз ойын еркін айта білуге, жүйелі шешен сөйлеуге баулу, қабілеттерін арттыру.	https://www.facebook.com/share/p/1Be5NU4Y9N/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” “Жас Қыран” мектепшілік ұйымының отырысы өтті. Күн тәртібінде жоспарға сай алда жасалатын іс-шаралардың мән-жайын ортаға салу, оқушылардың қоғамдық жұмыстарға араласуына кеңірек қолдау көрсету, жоспар бойынша атқарылып жататын мектепшілік жұмыстарға жасұландықтардың араласуы және қолдау көрсетуі секілді мәселелер сөз болды. Бұл өз кезегінде балалардың бойында «Жас Ұлан» ұйымы мүшесі ретінде жауапкершілік сезімдерін орнықтырып, мектепшілік жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларда белсенді болуға септігін тигізеді. Оқушылармен өткен ұйым отырысы нәтижесінде осындай отырыстарды жиі өткізіп тұру керектігі және балалардың мектепшілігіндегі тәртіптерін қадағалау қажеттілігі айтылды. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/p/1Q2Jz3onu2/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының оқушылары “Таза аула” акциясын өткізді. Мақсаты: оқушылардың қоршаған ортаға деген танымдық, адамгершілік және жауапкершілікті көзқарасын қалыптастыру, экологиялық мәселелерді практикалық шешу дағдыларын қалыптастыру. Барлық қатысушылар аумақты тазалауға шындап кірісті. Оның үстіне мұндай әрекеттер ұжымдық рух пен еңбекке деген сүйіспеншілікті нығайтуға көмектестіні тағы бар. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/p/1FRXZ5Y1Uj/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде “Алтын жүрек” челленджі болып өтті. Көктемнің алғашқы күні 1 наурыз “Алғыс айту күні” құтты болсын. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/17KRSAugP9/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Еңбегі ерен жас өрен” жобасы аясында алғыс айту күні қарсаңында “Жас Ұлан” ұйымының оқушылары “Үміт сәулесі” акциясын өткізді. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/15tTWK2Dye/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі оқушыларының АНАларына ән шашуы!	https://www.facebook.com/share/v/1

	9mJ8QrjTC/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББМ “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының оқушыларының ұстаздарды 8 наурыз мерекесімен құттықтады. Жетекшісі:Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/1BvggUbfpZ/?mibextid=wwXlfr
8-наурыз мерекесіне орай «Арулар - асыл жандар!» атты мерекелік шара өтті! Мақсаты: Оқушыларға ата - ана алдындағы парызы бен қарыздары туралы түсінік беру. Мейірімділікке, сый - құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру.	https://www.facebook.com/share/p/17DGfnAhH2/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде қазақ халқының ұлттық бренді - бауырсақтың түрлерін насихаттау мақсатында "Бауырсақ Party" болып өтті. Қып- қызыл болып піскен бауырсақтарды, томпиып, торсиып дастарханның сәнін келтіретін шай бауырсақ, ши бауырсақ, жол бауырсақ, май бауырсақ, кеспе бауырсақ , ашыған бауырсақ, жол бауырсақ, кеспе бауырсақ, ірімшікті бауырсақ, бармақ бауырсақ, жәй бауырсақ, шелпек түрлерін жасау жолын түсіндіріп, ыстық бауырсақтар таратылды.	https://www.facebook.com/share/v/19fcA7pump/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде қазақ салтындағы қыздарға қойылатын қырық жерден тиымдарды айта отырып,қыздарды қазақ қызы деген атқа лайық болуға, ақ жаулықты аналарымыздың пікірлерін тыңдату арқылы қазақ қызы осылай болу керек деген ой қалдыру, болашақ аналар ретінде отбасының береке-бірлігін сақтауға,мәдениетті, көркі ақылына сай қазақ қыздарын тәрбиелеу мақсатында әжелермен кездесу өтті.	https://www.facebook.com/share/v/1E6Agh6Vb1/?mibextid=wwXlfr
«Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу, Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында мектебімізде “Өз Наурыз ұлы мерекем” атты мерекелік кеш болып, артынан ұлттық ойындар ойнатылды.	https://www.facebook.com/share/p/1AxQwsMc1v/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде 1 сәуір “Құстар күні” мерекесіне сурет көрмесі өтті.Үздік салынған суреттер жүлделі орынмен марапатталды.	https://www.facebook.com/share/p/1F9HLmTAft/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының оқушылары“Ұмыт болған ұлттық тағамдар” тақырыбында бейнеролик әзірледі.	https://www.facebook.com/share/v/19cVSF6mGc/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының оқушылары “Таза аула” акциясы аясында сембілік өткізді.	https://www.facebook.com/share/p/17AKx3uzhH/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Ұлттық киім -ұрпаққа мұра” тақырыбында “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының оқушылары пікірталас өткізді. Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық	https://www.facebook.com/share/p/1

өнегені оқушылар бойына дарыту, елге, жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жетекшісі: Таженова Г.М. Кокенова М.Ш.	735Gh4Tin/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” “Жас Қыран” ұйымының оқушылары “Отбасымен бірге өткізген қуанышты күндерім” тақырыбында видео ролік жасады.Мақсаты: Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/share/v/1BMyvnpTJg/?mibextid=wwXlfr
“Бояулар құпиясы” жас суретшілер байқауынан Амангелді Айша 2 орын Нұржан Әлібек 2 орын жүлделі орын алды.Жетекшісі: Кокенова М.	https://www.facebook.com/share/p/14JBISwjoG9/?mibextid=wwXlfr
Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130 - дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір - біріне деген сый - құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. 1 мамыр күніне орай Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде кішігірім мерекелік кеш өтті. Кешке 1-10-сыныптар қатысты.	https://www.facebook.com/share/p/19uN477yFm/?mibextid=wwXlfr
2 орын Жаңаарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен, Жастар рисурстық орталығының атсалысуымен, Жаңаарқа жайдарман финалының ұйымдастыруымен өткен Жайдарман ойындарының ақтық мәресі финал ойынында қалыпты қалжың мен жарасымды әзілді ұштастыра білген жайдарман “Қасапшылар” командасы марапатталады. Жетекшісі: Кокенова М.Ш.	https://www.facebook.com/share/v/1GfAnBB4Zv/?mibextid=wwXlfr
20 әнді танымал ету мақсатында "ӘНШУАҚ" фестиваліне қатысып, «Домбыра», «Алақай», «Егемен ел – Қазақстан», «Ертегілер» әндерін оқушыларымыз орындады. 6-9-сынып оқушылары қатысты	https://www.facebook.com/share/v/16tHTTh7r6/?mibextid=wwXlfr
15 мамыр—Халықаралық отбасы күніне орай “Жас Ұлан” “ Жас Қыран” ұйымының	https://www.facebook.com/share/v/19fSxjsA6V/?mibextid=wwXlfr
Қазақстан оқушылары арасында «Олимпиада ойындарына дейін 100 күн» акциясын іске асыру аясында «Париж 2024 жылғы Олимпиаданы қарсы алады!» олимпиадалық апталығының соңғы күн! 17 мамыр – Спорттық флешмоб күні (челлендж)	https://www.facebook.com/share/v/173H5g5jZn/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ ЖББ мектебінде “Жас Ұлан” ұйымының оқушылары мектеп шарбақтарын ақтап, сенбілік жасады.	https://www.facebook.com/share/p/19dTZsCdNR/?mibextid=wwXlfr
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде “Сыныптан сыныпқа көшу” салтанатты сапта тұру жиыны өтті.	https://www.facebook.com/share/v/1ZTbN2xoKT/?mibextid=wwXlfr

25 мамырда мектеп бітіруші түлектер үшін «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбындағы салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиынға 20,40 жылдық түлектер қатысты.	https://www.facebook.com/share/v/1ZTbN2xoKT/?mibextid=wwXlfr
2024 жылғы 1 маусымда Ұлытау облысында Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеуге арналған «Алтын балалық шақ» декадасын өткізу жоспарына сәйкес “Бақытты балалық шақ!” бағыты бойынша «Біз бақытты баламыз» мерекелік шара өтті.	https://www.facebook.com/share/p/14Go1uZtLya/?mibextid=wwXlfr

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы қызметінің қазіргі жағдайында білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға байланысты мәселелер туындайды, онда тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар, студенттер мен ата-аналар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады.

Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселелерін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндеті тұрды.

Парламент құрылымы 9 фракциядан тұрады:

1. Мектеп президенті
2. Құқық және тәртіп фракциясы.
3. Ақпарат фракциясы.
4. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
5. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
6. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
7. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
8. Дебат қозғалысының фракциясы.
9. Экология және еңбек фракциясы.

№	Аты - жөні	Атқаратын фракциялары
1.	Ермек Нұрболат	Мектеп президенті
2.	Абдикова Зере	Құқық және тәртіп фракциясы
3.	Зәрубай Кәусар	Ақпарат фракциясы
4.	Төлеген Назар	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
5.	Берік Назерке	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы психология
6.	Ғалымжан Айша	Қамқорлық фракциясы еріктілік
7.	Серікбаева Балнұр	Мәдениет және өнер фракциясы музыкалық, көркем шығармашылық
8.	Қанатұлы Нұралы	Дебат қозғалысының фракциясы
9.	Берікқызы Хадиша	Экология және еңбек фракциясы

Парламенттің жғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы.

Парламенттің мектептегі қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, колледж бен ЖОО-да Жастар ісі жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ЖІК) төрағасы үйлестіреді.

Білім беру ұйымының әр сыныбында, әр тобында барлық 9 фракцияға депутаттар сайланады.

Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

Парламентті басқарудың негізгі нысаны–жобалықменеджмент тетіктерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы.

Мектеп оқушылары, колледж, ЖОО студенттері Парламент депутаттары бола алады.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

Парламенттердің жобалау қызметін жүзеге асыру үшін мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындары базасында жобалау кеңселері (бұдан әрі – жобалау кеңселері) құрылады.

Жобалық кеңселер:

- жыл бойы парламент фракцияларының жобалық қызметін;
- мектеп, колледж, ЖОО Президентін сайлау және өзін-өзі басқару күндерін;
- алқалы органдардың жұмысына қатысуды үйлестіреді.

Әр жобаға түрлі іс-шаралар, жарыстар, акциялар, флешмобтар, экскурсиялар, жорықтар, турнирлер және т. б. кіреді.

Парламент Президентінің сайлауы жылына 1 рет қыркүйек айында өткізіледі.

Парламент мүшелерін, мектеп және студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларын ынталандыру үшін көтермелеудің мынадай түрлері мүмкін: мадақтамалар, дипломдар, «Мектеп Парламентінің көшбасшысы», «Студенттік Парламенттің көшбасшысы» медальдары, стипендиялар, табысты жобаны «Платиналық идеялар» әлеуметтік бастамаларының ұлттық базасына енгізу, Қазақстан бойынша сапарлар, «Балдәурен» РОСО сауықтыру және басқа да лагерьлерде балаларды сауықтыру.

Мектеп және студенттік жобалау кеңселерінің жобалар рейтингтері, Парламент туралы толық ақпарат мектеп, колледж және ЖОО-ның сайттарында орналастырылады.

Жыл сайын балалар мен жастар қозғалысы көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей республикалық диалог алаңы –Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектеп және студенттік парламенттері көшбасшыларының республикалық слеті өткізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;

- білім алушылардың қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;
- барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру.

20	« Есіркіге жол жоқ! » челленджі аясында 8-10 сыныптар арасында шаңғыдан жарыс өтті. Мақсаты оқушылардың физикалық ,психологиялық және эмоционалдық денсаулығын нығайту болды.Өткізген денешынықтыру пәні мұғалімі Тукенов Н болды.	https://www.facebook.com/100028647434969/posts/1392499165048318/
21	29.01.2025 ж Гүлдер » отырысында 8-11 сынып қыз балалар арасында « Жаман болу да,жақсы болу да өз қолында » тақырыбында тренингті психолог Кокина г өткізді. Осы отырыста «Бүгінгі бойжеткен,ертеңг жар» тақырыбында қыздар жетекшісі Таженова Г пікірталас өткізді. Мақсаты отбасы құндылықтары мен ана болудың маңыздылығын,қыз баланың жыныстық тәртібі жөнінде болды.	https://www.facebook.com/100028647434969/videos/1124431432289718/?app=fbl

22	23.12.2024 ж «ЕРКІН ДЕМ АЛ!» республикалық челлендж өткізді ,мақсаты денсаулықты нығайту ,СӨС –ын насихаттау ,зиянды әрекеттерден бас тарту болды.	https://www.facebook.com/100028647434969/videos/3805013026383708/?app=fbl
23	29.11.2024ж мектеп түлегі,спортшы ,ережесіз жекпе-жек спорт шебері Абильдин Р кездесу болды. Мақсаты жасөспірімді СӨС баулу,спортқы деген қызығушылықтарын арттыру,жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/100028647434969/videos/581606187927337/?app=fbl
24	24.10.2024 ж «Даналық»клубы бойынша 7-11 сынып ер балалары ауыл тұрғыны Боранбай ақсақалмен кездесу өтті.Тақырыбы « Жеті атасын білген ұл,жеті жұрттың қамын жер ».Мақсаты өскелең ұрпақтың жеті атасын білуге,үлкенді сыйлауға,ұлттық құндылықты білуге тәрбиелеу.	https://www.facebook.com/100028647434969/posts/pfbid0mCnyw9nJCugfknuPXF5G5VSRZM9La1Pesn6SyT5bjn2U7nPwQUqycsrq8DxF2fAsl/?app=fbl

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 2024-25 оқу жылығы есебі.

Оқытылғандар саны	Тұрған балалар саны мектепшілік есепте	Балалар саны, КҚТ-да есепте	Балалар саны, ІІМ ІІД-де есепте	Тұрған балалар туралы ақпарат осы есепті кезеңдегі бухгалтерлік есеп		Есептен шығарылған балалардың саны	Алдын алу жөніндегі кеңестің болуы	Профилактикалық жұмыстарға жауапты
				Әлеуметтік бақылауға алынған балалар саны,мұға	Есепке алу себебі (мектепке бармау, құқық бұзушылық және т.б.)			Т.А.Ә.
103	0	0	0	0	0	0	+	Сейдуалина А.У

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша негізгі іс-шаралар.

Нысан	Атауы	Ұйымдастырушылар	Қатысқан балалар саны
Құқықтық жағдайларды шешумен әңгімелесу	Менің Отаным Қазақстан Біздің Елтаңба Қазақстан Республикасының Туы Қазақстан Республикасының Гимні Менің құқығым мен міндетім Қазақстан халқының ерлік істері Мектеп ережесін білесің бе?	1-11 сынып жетекшілері	103

	Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы Заң Дін-экстремизм дегенді қалай түсінеміз?		
Тренинг элементтерімен әңгімелесу	“Орта және жоғары мектепте оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау” әдістемесі бойыншы (Спилбергер-Андреева) 8-11 сыныптар арасында «Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу»	Психолог	20
Сынып сағаттары	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоғамдық органдарды және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша»	Сынып жетекшілері	103
Видео дәріс	Лаңкестікпен ынтымықтасып күресу күніне арналған шара. (Бейне көрсетілім) "Буллингтен қорған" видео-көрсетілім «Есірткінің зардабы» видео-көрсетілім «Құтқарушы – құрметке лайық мамандық» құтқарушылар күніне арналған іс-шара (Мамандықтар әлемі) 19-қазан құтқарушылар күніне орай "Құтқарушы-құрметке лайық мамандық" тақырыбында телемост шарасын әлеуметтік педагог өткізді	Әлеуметтік педагог Медаға	50
Дебат	Рухани келісім күніне арналған дебат «Жастар-жарқын болашаққа» 20-қараша дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне арналған дебат «ҚР-толеранттылық, татулық, бірлік пен тұрақтылық кепілі»	Дебатер	20
Дәріс	«Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңымен таныстыру	Құқық пәні мұғалімі	24
Сауалнамалар	“Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізді “Зорлық-зомбылық және балалар”	Психолог	
Сурет көрмесі	«Наша қорлыққа жол жоқ!»	Әлеуметтік педагог	20
Челлендж	“ДосболLike” жобасы аясында “Жас Ұлан”, “Жас Қыран” «Ата-анамыздың бір күн жұмысы»	Сынып жетекшілері	103

	«Даналық ұстаздан» «Бұрымды қыз» «Салауатты өмір салты» "Еңбегі адал жас өрен" жобасы, күзгі каникул іс-шараларының жоспары бойынша "Менің ата-анамның кәсібі" атты челленджді мектептің әлеуметтік педагогы өткізді.		
Қамқорлық акциясы	“Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында “Еңбек түбі береке” мектеп ауласын қоқыстан тазарту жұмысы жүргізі “Қоғамға қызмет ету” волонтерлық акциясы өтті “Табиғатқа қамқорлық” акциясы аясында қоғамға қызмет ету және әлеуметтік көмек көрсету бағытындағы волонтерлық жұмыс жасалды. Қоғамдық мүлікті қорға! Мәдени ескерткіштерді қирату, бүлдірудің зияны туралы мектепшілік әңгіме өткізу. Топтық талқылауларды ұйымдастыру. Вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау. Мектеп аумағын немесе қоғамдық орындарды көркейту бойынша акциялар өткізу болды. Қауіпсіз қоғам Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі құралдарын таратуға және т.б. байланысты негізгі нормаларын түсіндіру заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар туралы бейнероликтерді көрсету болды	Өзін өзі басқару ұйымы	45
Жобалар , клубтар	ЭКОЖОБА бойынша 10-сынып оқушыларының экологиялық бағытына негізделген ерекше шығармашылық “EcoZen” жобасын іске асырды. «Қаржылық сауаттылық» клубының "Қаржылық сауаттылық" атты 5-6 сыныптар арасында зияткерлік ойын өтті «Цифрлық әлемде қауіпсіз	«Жасыл» клуб жетекшісі Жумабаев З.№У «Қаржылық сауаттылық» клуб жетекшісі Әкімжанов М.З «Шабыт» жобасы жетекшісі	30 15

	қадам» жобасы Ақпараттық қауіпсіздік, киберкультура, кибергигиена, сынып сағаттары, пікірталастар өткізу болды «ШАБЫТ»жобасы: Ынтымақ ЖББ мектебінде "Әділетті Қазақстан-біртұтас ұлт, берекелі қоғам"-атты мектепшілік айтыс өтті. Айтысқа 5-сынып оқушылары Бақтығали Жанерке мен Мәжит Мираc қатысты. Айтыста еңбекқорлық, салт-дәстүр, туған тіл, тәуелсіздік пен ұлт мақтанышы жайлы өлең шумақтарымен әуендетіп жырлап шықты. Жетекшісі: Кокина Нургул Толегеновна «Біртұтас тәрбие » бағдарламасы аясында «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы бойынша, 1-6 сыныптар арасында «Күзгі асар» тақырыбында жәрмеңке өткізілді «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»жобасы «ОҚУ САҒАТЫ» жобасы Күзгі демалыс кезінде “Оқу сағаты” жобасы аясында “Ертегі еліне саяхат” рөлдік ойындарды	1-6 сынып жетекшілері 1-4 сынып жетекшілері	20
Апталық ,айлық	Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның бала құқықтары туралы Конвенцияның 35жыл, ратификацияланғанына 30жыл және Дүниежүзілік балалар күніне 70жыл толуына орай "Қауіпсіз балалық шақ"-атты айлық ақпараттық науқан 1-30қараша аралығында өткізілді	ДТІЖО Сейдуалина А.У Психолог Кокина Н.Т Әлеум педагог Кокина Г.А	85
Ата-аналар жиналысы	"Ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігі" (жалпымектептік) "Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы" (8 сынып.) 25.09.2024ж сағ 15.00 де "Ынтымақ ЖББМ" КММ жалпы ата-аналар жиналысы өтті.	Тәрбие ісі жөніндегі бас мұғалім Әлеуметтік педагог	65

	Тақырыбы: "Бала қауіпсіздігі- қоғам келешегі" Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды, оның ішінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру болды. Мектеп директоры Тезекбаева А. А мектептің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы бұйрықпен таныстырып шықты. Мектеп психологы Кокина Н.Т балалар мен жасөспірімдерді басқара алатын және оларды психикалық және физикалық қауіп-қатерге душар ететін қауіпті онлайн ойындар мен топтардың саны артқанын айтты, сонымен қатар қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек жөнінде айтты. Мектептің ДТІЖО Сейдуалина А.У оқу жылының басынан бастап "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы жүзеге асып жатқанын, онда "Өнегелі 15 минут" бастамасы ата-ана 26 қыркүйек күні ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығының кезекті жұмысы бойынша, 1-сынып ата-аналарына арналған сабақты сынып жетекшісі Башенова.Б "Отбасы- бақыт бесігі" тақырыбында өткізді. Сабақта интерактивті әңгіме, танымдық жұмыс, бейнеролик көру және талқылау, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттермен, ойлануға арналған оқиға, музыкалық сыйлық, жақсы тілектер болды. Сабақ соңында Башенова. Б ата-аналарға жылы лебізін білдірді.		
Алдын алу күні	ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Р.Т.Амангелді, УПИ полиция майоры Е.Е.Сағынбеков қатысуымен және мектеп ДТІЖО А.Сейдуалина, мектеп психологы Н. Кокина, әлеуметтік педагог Г.Кокина 7-11-сыныптармен кездесу өткізді. Мақсат: Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың	ДТІЖО Сейдуалина А.У Кокина Н.Т 7-11 сынып жетекшілері Медаға Жапабаев Б	65

	алдын -алу, буллинг, кибербуллинг, суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау шаралары жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Буллингтен қорған! Қарым-қатынас дағдылары, эмоцияларды басқару және қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер өткізу. Өмірлік жағдайларға байланысты жағдаяттарды талдау, шешу жолдарын ұсыну жұмыстары болды Ойынға салауатты көзқарас Лудомания туралы бейне фильмдерді көру, топтық талқылауларды ұйымдастыру, салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша мектепшілік сабақтар, отырыстарды өткізу болды. Өмірге салауатты қадам Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары (Интернет-ресурстар арқылы). Олардың зияны мен денсаулыққа кері әсері туралы деректі фильмдерді көру. Топтарда есірткіге қарсы плакаттарды, бейнероликтерді және т. б. жобалау бойынша іс-шаралар өткізу болды	Әскери жетекші Әлкенев С.Б
--	---	---------------------------------------

2024-2025 оқу жылындағы кәмелетке толмаған жасөспірімдерді бақылайтын наркобекет құру және жүргізілген жұмыстар туралы

[https://drive.google.com/file/d/1CB0KMdcOG3bR_HGiSFJu63kU6cfCxxXY/view?usp=drive link](https://drive.google.com/file/d/1CB0KMdcOG3bR_HGiSFJu63kU6cfCxxXY/view?usp=drive_link)

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 ж 26 маусымындағы №508 қаулысымен бекітілген оқушылар арасындағы жүйке жүйесіне әсер ететін заттарды пайдалану алдын алу мақсатында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді бақылайтын наркобекет құру туралы» 29.08.2024 ж №113 бұйрығы шығарылды. Наркобекет жетекшісі ретінде мектеп әлеуметтік педагогы Кокина Г.А тағайындалды. Бұйрықтың қадағалау жұмыстары ДТІЖО Сейдуалина А.У жүктелді. Мектепте жоспар құрылып іс-шаралар жүргізілуде. Қыркүйек айының кезекті «Жігер», «Гүлдер» отырысында «Есірткінің зардабы» тақырыбында мектеп медағасы Жапабаев Б бейне-ролик, презентация

көрсетіп, заманауи синтетикалық есірткілердің, дәріханалық нашакорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз пайдалану, оған қатысу қылмыс екені түсіндірілді. Қараша айының кезекті «Жігер», «Гүлдер» отырыстарында «Синтетикалық есірткінің зияны» тақырыбында алдын алу мақсатында медеға Жапабаев Б өткізу жоспарлап отыр. Сынып бөлмелеріндегі «Денсаулық бұрышында» есірткінің зияны жайлы бюллетендер, сайт атаулары бар парақшалар ілінген. Сынып сағаттарындағы 10 минуттық қауіпсіз сабақтарында жұмыстар жалғастырылуда. Ұлытау облысы әдістемелік орталығы «Нашакорлыққа жол жоқ!» облыстық суреттер байқауын әлеуметтік педагог Кокина Г мектепшілік кезеңін өткізді, бұл шараға оқушылар белсене қатысты. Мектепшілік кезеңнен І орынды 10 сынып оқушысы Даулен І, ІІ орынды 8-сынып оқушысы Аманкелді А, ІІІ орынды 10-сынып оқушысы Серікбай Б алды. Аудандық кезеңнен І, ІІ орын алған оқушыларымыздың жұмыстары үздік деп өтіп, облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық жарыстан ҚР ішкі істер министрлігі Ұлытау облысы полиция департаменті, полковник Қ.Әлиевтің қолы қойылған ІІ дәрежелі дипломмен Даулен Інжу, алғыс хатпен Аманкелді А марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/n5j6NQbvhpBVLCAN/>

2024-2025 оқу жылындағы рәміздерді насихаттау бойынша жұмыстың жағдайы

https://drive.google.com/file/d/1EpcKJixr6vGg9JnST5CXSwFHDW4WcQRK/view?usp=drive_link

2024–2025 оқу жылында Ынтымақ ЖББМ-де Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, үгіттеу және зерделеу жұмыстары жүйелі түрде, нақты жоспарға сай және талапқа сәйкес жүргізілді. Мектептегі патриоттық тәрбие жұмысының негізі ретінде мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мен насихаттауға баса назар аударылды. Апта сайынғы дүйсенбілік сапта мектеп оқушылары мен ұжымы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен жұмыс аптасын бастап, оқушылардың патриоттық рухын оятуға бағытталған дәстүрлі рәсімді қалыптастырды. Мемлекеттік рәміздердің талапқа сәйкестігі тұрақты бақылауда болды. Ұлттық стандартқа сай келмейтін Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаларды ауыстыру және жою бойынша комиссия отырыстары өткізіліп, тиісті актілер рәсімделді. Оқушыларға ҚР Мемлекеттік рәміздерінің тарихи, құқықтық және идеологиялық мәнін түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілді. ҚР Конституциялық заңына сүйене отырып, Ту, Елтаңба және Әнұран туралы жан-жақты мәліметтер берілді. Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер қарсаңында (25 қазан – Республика күні, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні, Білім күні, Соңғы қоңырау) рәміздерді қастерлеуге бағытталған салтанатты жиындар, апталықтар, тақырыптық сынып сағаттары, өнер галереялары, шеру, өлең оқу, слайд-презентациялар ұйымдастырылды. Айрықша атап өтуге тұрарлық іс-шаралардың бірі — 23 қазанда өткізілген «Неткен сұлу – неткен көркем, Осы

менің туған өлкем» атты өнер галереясы және 13 желтоқсанда өткен «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына қабылдау рәсімі болды. Бұл шаралар оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, рәміздер арқылы елдік рухты нығайтты. Оқушылар ант қабылдап, мойындарына көк түсті галстук тағып, мемлекетке адал қызмет етуге серт берді. Жалпы, оқу жылында мектеп ұжымы, тәлімгер, пән мұғалімдері мен кітапханашылар бірлесіп, оқушыларға мемлекеттік рәміздердің маңызын ұғындыруда, патриоттық рух қалыптастыруда ауқымды және сапалы жұмыс жүргізді. ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, үгіттеу және зерделеу жұмыстарын әрі қарай да сапалы және жүйелі түрде ұйымдастыру жалғасын тауып, бұл бағыттағы іс-шаралар мектеп әкімшілігі тарапынан **тұрақты бақылауда** болсын.

9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

https://drive.google.com/file/d/1BGfGpHZe8ljbqASaArBYxbcmpEZqdNEh/view?usp=drive_link

2024-2025 оқу жылындағы жолда жүру ережесінің оқытылуының барысы

Ынтымақ ЖББМ –де балалардың жол-көлік оқиғаларының жарақаттануының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы 04.09.2024 ж. № 123 бұйрығы мектепте шығарылды. 2024-2025 оқу жылындағы білім беру ұйымының балаларды тасымалдауы жөніндегі әдістемелік ұсынымдарымен танысу өткізіліп, мұғалімдер танысқаны жөніндегі қолы қойылды.

11.09.2024 ж. «Білім беру ұйымының балаларды тасымалдауы жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» жөнінде құқық пәні мұғалімі Мунжасарова Г.Е. әдістемелік бірлестіктер отырысында оқып, таныстырды. «Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы ББҰ арналған алгоритмімен» таныстырылды.

Жолда жүру ережесі:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

«Жол жүру ережелері» мектепте кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта Жолда жүру ережелері жүргізіледі. Мектепшілік бақылау 07.10.2024 ж. жүргізілді.

«Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақыттарда өткізілді. Сынып сағаттарда «Жолда жүру ережелері», « Оқушыларға арналған жолда жүру ережелері» жөнінде сынып жетекшілері сынып сағаттарында тек жаяу жүргіншілерге арналған жолмен ғана жүру, көшені ескерту немесе «жаяу жүргіншілер өтпелі» деген арнайы белгі тұрған жермен ғана қиып өту, ал ондай белгілер жоқ болса, жүргіншілерге арналған жол бойымен қиылысқан жерден кесіп өту, көшеден өтетін кезде – солға, ал ортасына келгенде оң жаққа

қарау, көлік қозғалысы реттелетін көшелерде және жолдарда, жүріс бөлігін тек бағдаршамның жасыл белгісі жанғанда немесе қозғалысты реттеуші жүруге рұқсат берген кезде ғана кесіп өту, жақын келе жатқан көліктің алдын кесіп өтпеңіз! сынды арнайы түсіндірме жұмыстар айту жөнінде ақпарат берді. Тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылады. 1-4 сыныптарда 6 сағат, 5 - 8 - сыныптар – әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі. «Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі де, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылып отырады.

17 ақпан күні 7 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатына барлық оқушы қатысты. Тәрбие сағатының түрі пікіралмасу. **Тақырыбы:** «Қауіпсіз қоғам» «Теміржол өтпелерінен жүріп өту» **ЖЖЕ** «Қала сыртындағы жолдарда» **Қауіпсіздік сабағы (10 минут)** «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар» **Мақсаты:** Оқушыларға қауіпсіз қоғам құрудың маңыздылығын түсіндіру. Қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы білімдерін арттыру. Оқушыларды жауапкершілікке, тәртіпке, өзгелердің қауіпсіздігіне бей-жай қарамауға тәрбиелеу. Оқушыларға бейтаныс адамдармен қарым-қатынас

17.02 күні 6-сынып жетекшісі Мукушева А «Жол белгілері және олардың мақсаты. Көшедегі қауіпті нысандар» тақырыбынды сынып сағатын өткізді. Мақсаты. оқушыларды жол белгілерімен таныстыру, жол жүру бойынша сауаттарын ашу болды. Сабақта оқушылардың белсенділігі, тақырыпқа қызығушылығы, жекелеме оқушылар сұрақтар қойып қызушылық білдіріп отырды. Көрнекіліктері талапқа сай, АҚТ жақсы қолдана білді. Сынып сағатында адамгершілік құндылыққа, тұлғалық маңыздылығына назар аударған. Сабақта бейне роликтер көрсетіп, ситуациялық сұрақтар қойып, шағын тест тапсырмаларын алып, теориялық білімдерін шыңдады. Сабақ соңында кері байланыс жақсы өтті. Сабақ мақсатына жетті.

2025 жылдың 23 сәуір күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде 6-8 сынып оқушылары арасында **“Жас жол инспекторы”** атты слет өткізілді. Шараның басты мақсаты – оқушылардың жол қозғалысы ережелері туралы білімін тереңдету, қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, көшеде дұрыс әрі тәртіпті жүруге тәрбиелеу және жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

Слет жалпылай бірнеше кезеңнен тұрды. Атап айтқанда, “Реттеуші”, “Жаяу жүргіншінің қауіпсіздігі”, “Жас санитар”, “Велосипедші ережелері” және “Білгірлер” сияқты бөлімдер бойынша білімдерін сынады. Сонымен қатар, қатысушылар жол қауіпсіздігіне қатысты қойылымдар қойып, плакаттар мен буклеттер әзірледі.

Іс-шара оқушылардың белсенділігі мен ынтасын арттырып, олардың жол ережелерін сақтауға деген жауапкершілігін күшейтті. Слет соңында белсенді оқушылар мен топтар алғыс хаттармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Бұл шара оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, мектеп ішінде жол ережелерін насихаттаудың тиімді құралына

айналды.

<https://www.facebook.com/yntymak.mektebi/videos/9674704392618590/>

16.05.2025 ж Жаңаарқа ауданы көлемінде “Жас жол инспекторы” слетіне мектеп оқушылары қатыстырылып **алғыс хат** алды.

- Слет барысында оқушылар жол қозғалысы ережелері бойынша теориялық әрі практикалық білімдерін көрсетті.
- Бірнеше бағыттағы бөлімдер арқылы балалардың жауапкершілігі, көшбасшылық қабілеті, командалық жұмысы қалыптасты.
- Оқушылар өз қолымен жасаған плакаттар, қойылымдар мен буклеттер арқылы жол ережелерін шығармашылық түрде жеткізді.
- Аудандық деңгейге қатысып, мектеп атынан сәтті өнер көрсетіп, алғыс хатпен марапатталды.

Ата-аналармен атқарылған жұмыстар, АПҚО жұмыстарының жағдайы

https://drive.google.com/file/d/1ZOWtE9Ty_8FbByVNTsmqbgbybo86wOQb_/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1I7pD8Gn_P49GdD2R9fzLPL8TGe3xvumJ/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1ee6Xvw05smpu9YIwNh1MVmbSQ7dKwRPN/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1I7pD8Gn_P49GdD2R9fzLPL8TGe3xvumJ/view?usp=drive_link

- ✓ 25.09.2024ж сағ 15.00 де "Ынтымак ЖББМ" КММ жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Тақырыбы: "Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі" Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды, оның ішінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру болды. Мектеп директоры Тезекбаева А. А мектептің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы бұйрықпен таныстырып шықты. Мектеп психологы Кокина Н.Т балалар мен жасөспірімдерді басқара алатын және оларды психикалық және физикалық қауіп-қатерге душар ететін қауіпті онлайн ойындар мен топтардың саны артқанын айтты, сонымен қатар қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек жөнінде айтты.

Мектептің ДТІЖО Сейдуалина А.У оқу жылының басынан бастап "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы жүзеге асып жатқанын, онда "Өнегелі 15 минут" бастамасы ата-ана.

<https://www.instagram.com/reel/DAXOCDHvV4r/?igsh=MWU0OXI4N3Z3dTBUcQ==>

- ✓ 26 қыркүйек күні ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығының кезекті жұмысы бойынша, 1-сынып ата-аналарына арналған сабақты сынып жетекшісі Башенова.Б "Отбасы-бақыт бесігі" тақырыбында өткізді. Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуде дайындығын қалыптастыру. Сабақта

интерактивті әңгіме, танымдық жұмыс, бейнеролик көру және талқылау, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттермен, ойлануға арналған оқиға, музыкалық сыйлық, жақсы тілектер болды.Сабақ соңында Башенова. Б ата-аналарға жылы лебізін білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/DAflNtpKyNI/?igsh=bmYzMjBwZGxybno4>

- ✓ 30 қыркүйек күні ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығының кезекті жұмысы бойынша, 5-сынып ата-аналарына арналған сабақты сынып жетекшісі Кокина Гульдана “Позитивті ата-ана болу:тыңдау,есту,өзін естірте білу” тақырыбында өткізді.

Мақсаты: оң тәрбиеінің мәнін,принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту,позитивті ата-ана болу құзыреттерін игеруге ынталандыру. Сабақта интерактивті әңгіме, танымдық жұмыс, бейнеролик көру және ситуациялық жағдаяттан шығу, рөлдік ойын,сергіту сәті, чек парақтар таратылды.

Сабақ соңында ата-аналар сабақтан алған әсерлерімен бөлісіп,жылы лебіздерін білдірді

<https://www.instagram.com/reel/DBIzBkNBpRT/?igsh=eXBycGhnaHZwanY0>

- ✓ 30.09.2024 күні ата-аналарды қолдау орталығының 10-сынып ата-аналарына арналған кезекті сабағын сынып жетекшісі Жумабаев Э.У өткізді.Сабақ тақырыбы «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» Тұлға адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі дамытудың нәтижесі ретінде. Сабақтың мақсаты: ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту. Міндеттері: ата-аналарды жоғары сынып оқушыларының өз өмірін өз бетінше құруға деген ұмтылысын қолдауға, дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ынталандыру.Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерімен таныстыру.Бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту және баланың дербестігіне қатысты өзіндік мінез-құлық бағытын талдау. Сабағында "Баланың дербестігі"тақырыбында сауалнама алды, «Сіздің балаңыздың портреті», «»тепе-теңдік дөңгелек» тапсырмалары,» , «Менің балам тәуелсіз тұлға» жаттығуы болды. Балалардың дербестігін дамыту бойынша өз іс әрекеттерін рефлексиялау дағдыларын дамытты,меңгертті.

<https://www.instagram.com/reel/DAflNtpKyNI/?igsh=bmYzMjBwZGxybno4>

- ✓ 18.10.2024 күні ата-аналарды қолдау орталығының 6-сынып ата-аналарына арналған кезекті сабағын сынып жетекшісі Мұқашева А.Е өткізді.Сабақ тақырыбы «Ақыл айтпа ,жол көрсет » Оқытудың жаңа шарттары:бала қалай бейімделеді.

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту. Міндеттері: ата-аналарды жоғары сынып оқушыларының өз өмірін өз бетінше құруға деген ұмтылысын қолдауға, дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ынталандыру.Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерімен таныстыру.Бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту және баланың

дербестігіне қатысты өзіндік мінез-құлық бағытын талдау. Сабақта "Мен балама қалай көмектесе аламын" тақырыбында сауалнама, "Сіз нестер едіңіз, ситуациялық сұрақтар», «Миға шабуыл» сергіту сәті, баланың бейімделуіне эксперимент көрсетіліп, пікіралмасу болды.
<https://www.instagram.com/reel/DBVnx8ovKz7/?igsh=MWVmZGN5d2R6aGgydQ==>

- ✓ 16 қазан күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті жұмысы бойынша, 11-сынып ата-аналарына арналған сабақты сынып жетекшісі Боранқұлова Мәдениет “Көркем мінез – баға жетпес байлық. Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі” тақырыбында өткізді.

Мақсаты: Эмоционалды интеллект мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту, позитивті ата-ана болу құзыреттерін игеруге ынталандыру. Сабақта интерактивті әңгіме, тренинг, танымдық жұмыс, бейнеролик көру және ситуациялық жағдаяттан шығу, постер қорғау сияқты тапсырмалар болды.

Сабақ соңында ата-аналар сабақтан алған әсерлерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/DBZF6uxtF3C/?igsh=MWlneHdhHc5c3JqNg==>

30.01 күні 2-сынып жетекшісі Акпарова А.К ата-аналарына «Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыбында сабағын өткізді. Мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру болды.

30.11 күні 2-сынып жетекшісі Акпарова А.К ата-аналарына «Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыбында сабағын өткізді. Мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру болды.

<https://www.facebook.com/100028647434969/posts/pfbid02cu97BeQfysvs2jKnEkymNXtmbeorvzds3tEmmSdyvHzoLtN1uMYmchbqWeXDoMLEl/?app=fbl>

2024 ж 15.11 күні 3-сыныптың ата-аналарымен кезекті сабағын сынып жетекшісі Карабалинова А.Т өткізді. **Тақырыбы:** Әрбір бала – жарық жұлдыз. **Мақсаты:** Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.

Міндеттері: Ата-аналардың өз баласының ерекше жақтарын дамытуға деген ынтасын арттыру. Ата-аналардың балалар темпераментінің түрлері мен оларға сәйкес мінез-құлықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Ата-аналарды мектеп педагогтерімен бірге баланың жеке басының күшті жақтарын анықтауға және дамытуға үйрету. **Жұмыс форматы:** тренинг

элементтері бар сабақ**Әдіс-тәсілдері:** пікірталас, ми шабуылы, жаттықтыру жаттығулары

<https://www.facebook.com/100028647434969/videos/588653823519209/?app=fbl>

- 11 желтоқсан күні 8 сыныптың ата-аналарымен «Бұлақ көрсең, көзін аш. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз» атты педагогикалық қолдау бойынша сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.

Ең алдымен ата-аналарды қарсы алды.Сабақтың басы ұлы ақынымыз Абайдың қанатты сөзімен басталды.Ата-аналарға интерактивті тақтадан 10 сурет көрсетілді,ол жерде не бейнелегенін табу керектігі тапсырылды. Мұғалім ата-аналармен «Музыка»ойыны, "Ассоциация" жаттығуы жүргізді. Оқыту тренингі бойынша "Рифмоплет" ойыны. Ата-аналар бірдей аяқталатын сөздерді ойлап табады (тарақ-парақ), берілген рифмаларға екі жолды өлең құрастырады. Ойынның соңында мүмкіндігінше көп жинақталған рифмаларды қолдана отырып, ұзақ өлең құрастыруды ұсынуға болады. Нұсқа: бірінші топ рифмаларды ойлап табады, екінші топ оларды құрастыра отырып, өлең жазады. Содан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Ата-аналарға пайдалы кеңестеріне тоқталып кетті.

Сынып жетекшісі:Мунжасарова Гайнижан Ермековна

<https://www.facebook.com/share/v/156SYUWUzq/?mibextid=wwXIfr>

19.11.2024 ж 7-сыныпта Таженова Г.М «Балаға үйрету ақылыңды мейірімге орап бер»тақырыбында сабақ өтті.Мақсаты:Ата-аналардың жас жағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/18AcBswZJv/?mibextid=wwXIfr>

27.11.2024 ж «Гүлдер» клуб жетекшісі Кокина Г.Т қыз балалар арасында «Жеңге кеңесі»: «Қыздар білуі тиіс...» тақырыбы бойынша жеңгелермен сырласу-әңгімесін өткізді. **Мақсаты:** Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру болды

<https://www.facebook.com/100028647434969/posts/pfbid02ZCm8B3WBS4fzkEFs19W8MmtX6QfVv8vnj2MookNdGSuyCJvoev571iBAQ1KdwW9RI/?app=fbl>

26 желтоқсан күні 11 сынып ата аналарымен бірге ата ананы қолдау сабағын Боранқұлова М.Б өткізілді.

Сабақтың тақырыбы: Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары

Сабақ мақсаты:ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез-құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

1. Жоғары сынып оқушыларын тәрбиелеуге көмектесетін отбасы ресурстарын қалыптастыру.

2. Ата-аналардың тәуелділіктің алдын алу және оған қарсы тұру шараларын әзірлеу.

3. Психобелсенді заттарды қолданудың, құқық бұзушылықтың профилактикасын жақсарту үшін жағдай жасау.

Ұлттық құндылықтар және тұлғаның жеке қасиеттері: үлкенді сыйлау, парасаттылық, ізгі ниет, өзін-өзі басқару, жауапкершілік, шығармашылық, өзара сыйластық, адалдық.

Сабақ

түрі:

Тренинг

<https://www.facebook.com/share/p/19ykCVnANr/?mibextid=wwXlfr>

25.01.25ж.Ата-аналарға педогогикалық қолдау бойынша өткізген сабақ.1 сынып Башенова Ботагоз Борановнаның ұйымдастыруымен өтті.Тақырыбы: «Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?» деген тақырыпта коучинг сабақ өтті.Мақсаты:Ата-аналармен бірлесіп отбасылық тәрбиенің негізгі ережелерін талқылау,бала тәрбиесінде ата-аналардың рөлін көрсету балалармен ортақ тіл табысуға үйрету. Балалардың компьютерлік ойындарды пайдалануының «артықшылықтары» мен «кемшіліктері» тақырыбында постер құрды.Ата-аналар топтық жұмыста постер құрып, өз ойларын ортаға салды.«Learning up» платформасы арқылы пазлдағы сұрақтарға жауап береді. Сұрақтарға жауап берген соң жаңа тақырыптың бейнебаяны ашылады.Ата-аналар бейнебаянды көріп коучингтің тақырыбын өздері ашты.«Learning up» платформасы арқылы «Түсіп қалған сөзді тап» ойынымен түсіп қалған сөздерді тауып оқиды.Ұялы телефон арқылы тапсырды.Соңында коучингтен алған әсерлерін кері байланыс парағына толтырып,рахметтерін айтып тарасты.

<https://www.facebook.com/100028647434969/videos/588291130845562/>

Ақпан айында 2-сынып жетекшісі Ақпарова А Тақырыбы: Сенім арту-жетістік кепілі. Қиын жағдайда баланы қалай қолдаймы? Тақырыбында ата-аналарқа АПҚО сабағын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру. Сәлемдесу «Балалық шаққа саяхат» деп алынды. Ата-аналар «Социометрия» ширату ойынында сенімді атосфераны құра отырып, өз балалары туралы мәліметтермен бөлісті.Ата-аналарға жағдаяттар беріліп, шешімін постер арқылы қорғап, ойларын ортаға салды. Жүрекшелерді таңдай отырып, көңіл күй көтеру тапсырмалары орындалды. Кері байланыс арқылы бүгінгі сабақтан пайдалы ақпарат алғандарын, жағдаятты шешу арқылы тығырықтан шығу жолдарын білгендерін, сабақтың өте жақсы өткенін жазып, рақметтерін айтып ортаға салды.

<https://www.facebook.com/100028647434969/posts/1412778773020357/>

27 наурыз күні ата - аналарды қолдау бағытында “Әкені көріп ұл өсер, ананы көріп қыз өсер, Балаға үлгі көрсету” тақырыбында сабақ өткізілді. Мақсаты: ата - ананың өзін-өзі дамытуға деген ұмытылысының шарты ретінде, балаға

жағымды үлгі болуға дайындығын қалыптастыру. Өткізген: Карабалинова А. Т
<https://www.facebook.com/share/p/164oWANzRg/?mibextid=wwXIfr>

13.01.2025 күні ата-аналарды қолдау орталығының 9-сынып ата-аналарына арналған кезекті сабағын сынып жетекшісі Кокина Н.Т өткізді. Сабақ тақырыбы «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті» Сабақ мазмұны: 1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру Міндеттері: 1. Интернетке тәуелділіктің, кибербуллингінің алдын алу мәселелері бойынша ата-аналардың қызығушылығын арттыру. 2. Ата-аналардың қауіпсіздік мәселелері, ықтимал және интернет қауіптерінен қорғану жолдары туралы түсініктерін кеңейту. 3. Ата-аналардың өздерін және жасөспірімді медиакеңістікте қорғануға үйрету. Кокина Н.Т сабағында тренинг элементтерін қолданды. Ата-аналармен жұпта жұмыс істеу, миға шабуыл, жеке, топтық тапсырмалар, рольдік ойындарын жүргізді. –Нәтижесінде ата-аналар интернетті жауапкершілікпен, этика нормаларына сәйкес және қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру керектігін, айналадағы адамдармен әртүрлі жағдайда ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру: топта жұмыс істей білу, келісе білу, даулы/жанжалды жағдайдан шығудың табу жолдарын білді

<https://www.facebook.com/100028647434969/posts/1386041792360722/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Ақпан айында 7-сынып жетекшісі Таженова Г-«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады» тақырыбында 7-сынып ата-аналарына сабағын өткізді. Сабақтың мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Міндеттері: - ата-аналардың баламен оң қарым-қатынас жасауға, жасөспірімдер ортасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға деген ұмтылысын дамыту; - ата-аналардың жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі және мінезқұлықты реттеу тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; - жасөспіріммен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Жұмыс форматы: тренинг элементтері бар сабақ. Әдістері: пікірталас, миға шабуыл, тренинг жаттығулары болды. Сабақ аяқталғаннан кейін ата-аналар эмоцияларды бала жағдайының көрсеткіші ретінде қарастыруды, «қажет» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізе алуды, жағымсыз эмоцияларды жағымды эмоцияларға айналдыра алуды, жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмін және мінез-құлықты реттеу тәсілдерін игеруді, баламен нәтижелі қарым-қатынас жасау дағдыларын игеруді білді. <https://www.facebook.com/share/p/1Htn1NTsef/?mibextid=wwXIfr>

14 наурыз 2025 жылы 8 сынып жетекшісі Мунжасарова Гайнижан “Жасөспірімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері” тақырыбында ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша сабағы өткізілді. Мақсаты: Балалардың айналасындағылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына қолдау көрсету; Міндеттері: Балаға жағымды қарым-қатынастарды қолдауды, жағымсыз қатынастарға қарсы тұруды үйрету. Ата-аналарға қарым-қатынас түрлері туралы түсінік беру (достық, жасөспірімдер субмәдениетіндегі мінез-құлық, буллинг және т.б.). Ата-аналардың қарым-қатынасты қолдап, жағымсыз қарым-қатынасты жеңу дағдыларын игеруіне ықпал ету; <https://www.facebook.com/100028647434969/posts/1424963525135215/>

Қаңтар айында Жумабаев Э.У «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа» (Ғаламтордағы қауіпсіздік және әлеуметтік желілердің әсері) тақырыбында ата-анаалға сабақ өткізді. Мақсаты: ата-аналарды балалардың ғаламтордағы қауіпсіздігі туралы ақпараттандыру. Әлеуметтік желілердің оң және теріс жақтарын талқылау арқылы ата-аналардың саналы көзқарасын қалыптастыру. Балалардың интернетті тиімді әрі қауіпсіз пайдалануы үшін ата-аналарға нақты ұсыныстар беру. Онлайн қауіптерден (кибербуллинг, фишинг, жеке деректердің ұрлануы) сақтану жолдарын көрсету. Ата-аналардың балаларының интернетке тәуелділігін алдын алу үшін атқаратын рөлін айқындау. Міндеттері:

1. Интернеттің артықшылықтары мен қауіптері туралы ақпарат беру.
2. Киберқауіпсіздік пен әлеуметтік желілердегі қауіптерден қорғау жолдарын түсіндіру.
3. Балалардың интернетке тәуелділігін болдырмау үшін ата-аналарға ұсыныстар беру.
4. Оқушылардың жеке деректерін қорғау және интернетті дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Өткізу тәсілі онлайн (Zoom платформасы арқылы) болды, қатысушылар саны 7 ата-ана.

Сабағында презентация, онлайн талқылау, сұрақ-жауап, кері байланыс болды. Сабақ нәтижесінде ата-аналардың ақпараттану деңгейі артты. Киберқауіптердің алдын алу шаралары түсінді, ата-аналар балаларының интернетке тәуелділігін бақылаудың жаңа әдістерімен танысты, жеке деректердің қауіпсіздігіне мән берілді. Интернет мәдениеті мен жауапкершілік қалыптастыру мәселесі көтерілді, сонымен қатар өзара тәжірибе алмасты.

<https://docs.google.com/spreadsheets/d/1AxogVvr32FAmkc43oQLl2VPul5SD5o1MiuMLFEdohtM/edit?usp=sharing>

Наурыз айында 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен АПҚО сабағы өтілді. Тақырыбы: Күйзелістен шығар жол

Сабақтың мақсаты: ата-ананың күйзеліске қарсы тұру және баласына да осындай көмек көрсету қабілетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- ата-аналардың баласын күйзеліске төзімділікке үйрету дағдысын дамыту;
- ата-аналардың күйзелістің көріністері және одан шығу әдістері, мінез-құлқын эмоционалдық реттеу және баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етуде

мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеті туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету;

- күйзелісті ресурстық күйге айналдыру дағдыларын қалыптастыру, баланың күйзеліске төзімділігін арттыру құралдарын меңгеру.

<https://www.facebook.com/100028647434969/posts/1435595240738710/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Даналық мектебінің жұмыстары

2025 жылдың 29 қаңтарында Ынтымақ ЖББМ-де “Даналық мектебі” клубының ұйымдастыруымен 7-11 сынып ұлдарының арасында “Жігер” отырысы өтті. Іс-шара “Ата өсиеті: Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет” тақырыбында өтіп, қазақ халқының көнеден келе жатқан бата беру дәстүріне арналды.

Жиынға елге сыйлы, көреген қария Боранбай ақсақал арнайы шақырылып, жас ұрпаққа өмірлік тәжірибесі мен тағылымды ақыл-кеңесін айтты. Ақсақал ата-баба дәстүрін құрметтеудің, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетудің маңыздылығын түсіндіріп, жігіттерді елін сүйетін, ер мінезді азамат болуға шақырды. Отырыс соңында ұлдар ақсақалдың айтқан өнегелі сөздерін көңілге түйіп, өз кезектерінде баталарын айтып, үлкенге құрмет ретінде Боранбай ақсақалға шынайы алғыстарын білдірді. Іс-шараны ұйымдастырып, өткізген жетекші – Әлкенов Саламат.

<https://www.facebook.com/100028647434969/videos/1341238530226081/>

Ата-аналармен жүргізген жұмыстар көрсеткіші

Жұмыс түрі жылы	Сабақтар (АПҚО)	Тренингте (АПҚО)	Жиналыстар	Құқық қорғау органдарымен кездесу	Спорттық іс шар	Мәдени іс шара
2023-2024	10	2	6	2	2	6
2024-2025	24	4	6	2	4	8
2025-2026	14	2	6	2	4	8

2023–2025 оқу жылдары аралығында мектепте құқықтық, тәрбиелік, спорттық және мәдени бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жоспарланып, сатылап дамығаны байқалады. Құқықтық сабақтар мен спорттық-мәдени шаралардың саны жыл сайын артып отырған. Бұл мектеп ұжымының оқушылардың жан-жақты дамуын көздейтін жоспарлы әрі тиімді жұмысының нәтижесі деп бағаланады.

S Күшті жақтары			W Әлсіз жақтары
1	«АПҚО» ата-аналарға жүйелі, кестеге сай өткізілу	сабақтар	1. Ата-ана тарапынан бала тәрбиесіндегі көңілділік; 2. Мектепке келмейтін ата-аналардың кездесуі;
O Мүмкіндіктері			T Қауіп-қатерлері

1.Құндылықтарға байланысты тәрбиелік шараларға ата-аналарды жиі қатыстыру; 2. «Ашық есік күнін» тоқсанына1 рет өткізу; 3. «ДАНАЛЫҚ мектеп»жұмысына ата-аналар комитетін қатыстыру;	5.Ата-аналар бала тәрбиесіндегі кейбір сыр келетін жайттарға немқұрайлы қарауы;
--	---

2024-2025 оқу жылының қамқоршылық кеңес жұмысының жағдайы
https://drive.google.com/file/d/1wha3vxG8vlfKWQsBj1fHILmdZDYG81-k/view?usp=drive_link

Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстар

Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысы тамыз айында өткізіліп оның құрамы сайланды және бекітілді, төраға сайланды. Осыған сәйкес мектеп бойынша **"Қамқоршылық кеңесін құру туралы"**бұйрық шығарылды. Оқу жылының басынан бастап Қамқоршылық кеңесі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға белсенді қатысты. Құрамына 9 адам кірді. Қамқоршылық кеңес жұмысының басым бағыттары:

- мектепте балаларды оқыту мен тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын жасауға ықпал ету;

- мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға ықпал ету;

- мектептің конкурстарын, жарыстарын, бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

Қамқоршылық кеңесінің 2 отырысы қыркүйек айында өткізіліп, онда Ынтымақ жалпы білім беретін мектебіндегі ыстық тамақтың ұйымдастырылуы жөніндегі мектеп директорының есебі тыңдалды. Екінші мәселе бойынша кеңес құрамындағы өзгерістер талқыланды.Ата-аналар комитетінің төрағасы ауысуына байланысты Сайлаубаева Айгул кеңес құрамына сайланды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері **"Мектепке жол"** акциясын дайындауда үлкен көмек көрсетті. 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалпы республикалық "Мектепке жол" қайырымдылық акциясы биыл "Менің таңдауым-балаларға көмек" ұранымен өткізілді.

Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасы оқушыларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын-алу.

Акцияның бірінші аптасында ауылымыздың азаматы Жекебатыров Азамат 1 оқушыға мектепке қажетті сумка мен оқу-құралдарын алып берді.

<https://www.facebook.com/share/p/173cYesoaZ/?mibextid=wwXIf>

Акцияның төртінші аптасында ауылымыздың азаматшасы Алипова Гүлнұр 4-сыныптағы 9 оқушының барлығын,сабаққа қажетті оқу-құралдарымен қамтамасыз етті.

<https://www.facebook.com/share/p/16um822ZbC/?mibextid=wwXIf>

Әлді Демеушілер тарапынан 1 оқушыға мектепке қажетті сумка мен оқу-құралдарын, 4-сыныптағы 9 оқушының барлығының, сабаққа қажетті оқу-құралдарымен қамтамасыз етілуі	Әлсіз Акцияға қамқоршылардың аз қатысуы.
Мүмкіншілігі Акцияға демеушілер мен қамқоршыларды көптеп тарту керек	Қауіп-қатер Демеушілердің азаюы.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде 15-қаңтар күні **"Қамқоршылық кеңесінің"** кезекті жиналысы өткізілді. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры А.Тезекбаеваның І жарты жылдықтағы мектептің әлеуметтік жағдайы, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, **"Мектепке жол"**, **"Қайырымдылық"** акцияларының өткізілуі туралы есебі тыңдалды. Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша ДОІЖО Ә.Шегебаеваның оқушылардың білім сапасы жөніндегі, 3-мәселе бойынша ДТІЖО А.Сейдуалинаның тәрбие жұмысы жөніндегі есебі тыңдалды. Отырыс қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар әділ, дұрыс деген шешім шығарылды

<https://www.facebook.com/share/p/1LKgNzgibp/?mibextid=wwXIfr>

Қаңтар айында қамқоршылық кеңес заңының өзгеруіне байланысты жаңадан құрамын сайлауға хабарлама берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Z1RSnTv31/?mibextid=wwXIfr>

Хабарлама негізінде келіп түскен өтініштер бойынша қамқоршылық кеңес құрамын сайлайтын комиссия кеңестің жаңа мүшелерін сайлады.

2024–2025 оқу жылында қамқоршылық кеңес мектептің материалдық базасын нығайтуға, әлеуметтік қолдауға мұқтаж балаларға көмек көрсетуге, ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты күшейтуге үлес қосты.

Келесі оқу жылында кеңестің басты бағыты – мектептің даму жоспарын қолдау, оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау және тәрбиелік жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру болып табылады.

2024-2025 оқу жылындағы мектептегі психологиялық жұмыстың іске асуы

Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Психологиялық қызметтің міндеті

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени - өнімдік тұлға болуға әсер ету;

- Әрбір оқушының өз мінез- құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету;
- Жекелеген ауытқушылықтардың алдын –алу;
- Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары

Психологиялық зерттеу

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық түзету, дамыту

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

Психологиялық азарту

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру

- оқушылардың психикалық дамуының ерекшеліктерін диагностикалау, диагностикалық жұмыстардың нәтижелерін бақылау;
- білім алушыларға дамудың, оқытудың, әлеуметтенудің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу (оқу қиындықтары, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынас мәселелері); - мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды үйлестіруге педагогикалық ұжымға көмек көрсету;
- оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің психологиялық мәдениетін дамыту;
- оқушыларда дұрыс өзін-өзі бағалауды дамытуға ықпал ету, мектептегі қорқыныш пен алаңдаушылықты жою;
- әр жас кезеңінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ықпал ету;
- балалардың танымдық және эмоционалды-еріктік салаларын дамытуға белсенді қатысу;
- тұлға дамуының әрбір жас кезеңінде танымдық үрдістің дамуына ықпал ету жұмыстарын жалғастыру;
- ынтасы төмен балаларға көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау.

Берілген міндеттерді орындау бойынша жұмыстар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, мұғалімдермен бірлесе отырып жүргізіледі.

Білім беру үрдісін психологиялық қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: психодиагностика, психотәрбиелеу, психологиялық алдын алу, психологиялық кеңес беру, психотүзету және дамыту, білім беру қызметінің барлық субъектілерімен әлеуметтік үйлестірілімділік қызмет.

«Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің психологиялық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы негізгі құжаттарына негізделеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2021 жылғы 24 қарашадағы өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 02.07.2021 ж.);
- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 01.07.2021 ж.);
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Педагог-психолог өз қызметінде жұмыстың барлық бағыттарын қамтитын құжаттаманы жасайды, (номенклатура бойынша құжаттар тізімі):

Нормативтік-құқықтық құжаттар

Істің индексі	Істер/ бөліктің /тақырыбы	Тізбе бойынша істен/ томның, бөліктің /сақтау мерзімі және тармақ нөмірі	Ескертпе
06.01	Педагог-психологтың жылдық, айлық, апталық жоспарлары.	Тұрақты 172 тармақ 5тармақша	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.02	Жылдық, тоқсандық, айлық есептер.	1 жыл 349 тармақ 4 тармақша	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.03	Қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы (көшірмесі).	Тұрақты 466 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

06.04	Педагогтармен жұмыс.(педагогтармен жүргізілетін жылдық жоспар)	5 жыл 25 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.05	«Тәуекел тобына» енген оқушылармен жұмыс (аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу).	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.06	«Ерекше назардағы оқушылардың» құжаттары(әлеуметтік педагог берген мәлімет бойынша оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары)	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.07	«Ерекше білім беруді қажет ететін» оқушылармен жұмыс(инклюзивті оқыту бойынша оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары)	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.08	Ата-аналармен жұмыс. (ата-аналармен жүргізілетін жылдық жоспар)	5 жыл 25 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.09	Қосымша істер номенклатурасы:	Тұрақты 114 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.10	Психологиялық диагностика материалдары (тестер, сауалнама, проективті әдістемелер)	5 жыл 25 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.11	Оқушылармен жұмыс құжаттары (үлгерімі төмен/үлгерімі әлсіз және дарынды/ерекше	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

	қабілетті оқушылармен жұмыс		
06.12	Білім сынақтары алдындағы психологиялық дайындық (емтихандар тапсыратын оқушыларме, олардың ата аналарымен және мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары)	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.13	Оқушылар арасындағы қылмыстардың алдын алудағы психологиялық қызмет. (ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары қыздармен жұмыс, зорлық-зомбылықтың діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстары)	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.14	Өз білімін жетілдіру жұмыстары (өз білімін жетілдіру жұмыстарының жылдық жоспары)	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
06.15	№6-бұйрық Жылдық жоспар (жылдық жоспар, ата-аналар мен мұғалімдерге ұсыныс)	1 жыл 512 тармақ	Қағаз жеткізгіштігі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

Мектептегі психологиялық қызмет 2021 жылдың сәуір айынан бастап педагог-психологтің құжаттамасы HR+ психологиялық-педагогикалық мониторингінің автоматтандырылған жүйесі аясында электронды форматта жүргізілуде.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналар мен мұғалімдер психодиагностика нәтижелерімен

таныстырылды (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке кеңес беру кезінде).

Педагог-психологтің психодиагностикалық жұмысы келесі әрекеттерді қамтиды:

- 1, 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу (офлайн);
- 1, 11-сынып оқушыларының мотивациялық аумағын зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 1-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы МЭДИС (офлайн);
- Филлипс бойынша 5-сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 7-11-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша диагностика: (HR+ жүйесі аясында цифрлық кәсіптік бағдар беру науқаны);
- тұлғааралық қарым-қатынастарды зерттеу (социометрия) (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 9, 10-сыныптар үшін мазасызданудың Кондаш диагностикасы (HR+ жүйесі аясында);
- 7 және 9-сынып оқушыларының агрессивтілік түрін анықтау диагностикасы (Басс-Дарки тесті) (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 9-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы ШТУР (HR+ жүйесі шеңберінде);

Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау және 1 сынып оқушыларының Интеллектуалдық қабілетін экспресс диагностикалау әдістемесі «МЭДИС», мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында психодиагностикалық жұмыс бағыты бойынша «Керн-Йерасик» тесті алынып, нәтижесі шығарылып қорытынды жасалынды.

Мықты жақтары : Оқу жылы басында мектепке келген оқушылардың психологиялық ахуалын бақылап, АСППМ жүйесіне мәліметтер енгізілді. Жоспар бойынша бекітілген психологиялық диагностикалық бағыты бойынша АСППМ жүйесінде 1-2 сынып Лусканова анықтау жұмысын жүргізу мақсатында мектептегі әр сыныптың оқушыларының тізімдері, үйден оқитын оқушылардың, шағын орталық, педагогикалық ұжымның тізімдері алынып, дарынды оқушылар және агрессивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталды.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстары бойынша 5-11 сыныптардан «СБА» әдістемесі алынып, нәтижесі талданып, ай бойы жұмыстар атқарылды. Жасөспірімдердің деструктивті мінез –құлқының алдын алу жұмыстары бойынша 8- сынып ата-аналарына психологиялық қолдау көрсетілді. АСППМ- бағдарламасы бойынша **Психозэмоционалды жағдайды анықтау** Алаңдаушылық шкаласы (Кондаш) 7-11 сынып ;Спилбергер-Андрессон 5-11сын, “Ағаш” проективті әдістемесі 1-11 сын, **Психозэмоционалды жағдайды анықтау** Социометрия “Морено тестісі”, **Жасөспірімдердің эмоцияналды -еріктік аймағын диагностикалау** Агрессияны анықтау Басс-Дарк 7-11 сын, Мазасыздық Бек шкаласы 9-11 сынып,

Қыркүйек айында 1-5 сынып оқушыларының мектепке бейімделу жағдайларын бақылау , психологиялық қолдау көрсету мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізіліп , 1 сынып оқушыларынан: 1.«Керн-Йерасек» тесті, соның ішінде «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі» әдістері алынды. Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау.1 және 5-сыныпқа пед-консилиум өткізілді.

МАД сыныбына бейімделуге байланысты «Кел танысайық», «Ұшты-ұшты» ойындары, қазан айында қарым-қатынастарын дамытуда «Ине мен жіп» ойыны өтілді. мектебім» сурет әдістемесі алынды Балалардың топ өміріне бейімделулері жақсы. “Менің білгім келеді?”Мені мазалайтын сұрақтар Ой-бөлісу 7-11 сынып қыз балаларымен 16.10ай “Гүлдер”клубы .”Жігер “ клубы буллинг бойынша жұмыстар жүргізілді.

Инклюзивті балалармен жұмыстарына талдау ЕБҚО-бойынша ата-ана өтініші бойынша шағын орталықтан 1 бала арнайы маманға педагогикалық-психологиялық қорытынды бойынша жіберілді. Арнайы ПММК-ға баруға кезекте 3-оқушы тұр

Қараша айында 9- сынып оқушысы Нұржан Әлібек республикалық “Балдәурен” конкурсына қатысты.ЕБҚЕО-лар тәрбиелік шараларға үнемі қатысып,марапаттарға ие болып жатыр.

Желтоқсан айында 7- сынып оқушысы Келденқызы Ділденің тілінің ақаулығына байланысты 09.12-19.12.24 күндері мектепшілік бақылау жүргізіліп,педагогикалық-психологиялық консилиум өткізіліп арнайы ПМПК-ға жіберілді.

Дарынды	балалармен	жұмыстарына	талдау
Дарынды балаларды анықтау мақсатында “Таңдау ”әдістемесі 1-2 сынып АСППМ, “Психикалық күйлер өзін-өзі бағалау”Айзенк .7-11сын Ақыл-ой қабілетін анықтау.			

Дарынды балалармен жұмыс бойынша 5-сынып оқушыларымен “Айтыс”, «Шабыт»жобасы бойынша Ахмет.Байтұрсынов өмірі жайлы қойылым өткізілді **«Тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлімжеттік, кибербуллинг-буллинг, интернет жүйесі, ертежүктілік, құқықтық ақпарат» жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар**

Мақсаты:

- Оқушыларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.
- Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету.
- Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге баулымауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Ынтымақ ЖББ мектебінің тәрбие ісінің меңерушісі А.Сейдуалина , мектеп психологы Кокина Н.Т, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілер “Біртұтас тәрбие бағдарламасы”-аясында тәрбиені іске асырудың іс-шараларын жоспар бойынша өткізуде. 16.09 күні «Буллингтен қорған !» атты қауіпсіздік сабағы

барлық сынып сағаттарында өткізілді. 24.09 күні 7-11 сыныптар “Гүлдер”, “Жігер” клубтарында “Буллингтен қорған жолдары !” атты видео-көрсетілім өткізілді. Мектеп психологы Н.Кокина оқушылармен буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық туралы пікір алмастырып, жеке жеке сұрақтарға жауап берді. Мектеп психологы: Н.Т.Кокина Буллинктің алдын-алу жұмыстары бойынша “Сен және біз екеуміз доспыз” 1-сыныпқа жаттығу, “Бір-бірімізге жақсылық жасаймыз” 2-сынып, “Біздің жүрегіміздің мозайкасы” 3-сынып, “Мен және күйзеліс”, “Мейірімді сөз ашуды женеді” 4-сынып атты тренинг-жаттығулар өткізілді.

25.09 ай күні мектепте жалпы ата-аналар жиналысында мектеп психологы Н.Т.Кокина “Сыныпта буллинг пен кибербуллинг болдырмау мен алдын-алуда ата-ананың рөлі” атты презентация көрсетіліп, аутодеструктивті мінез құлықтың алдын-алу шаралары бойынша психологиялық кеңестер берді.

23-27.09 ай аралығында әлеуметтік педагог Г.А.Кокина «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» бойынша “Зорлық-зомбылық және балалар” атты жабық анкетаны 2-11 сыныптармен жүргізді.

«Буллинг алдын-алу», «Лудомания (ойынқұмарлық)», «Зиянды әдеттер мен нашакорлықтың алдын алу» бойынша мектеп медағасы Б.Жапабай, мектеп психологы Н.Кокина дәлізге жадынамалар іліп, алдын алу шараларын ұйымдастыруда. “Гүлдер” клубының жетекшісі Н.Т.Кокина «Ерте жүктілікті алдын-алу» тақырыбында баяндама жасалып, «Жыныстық қарым-қатынас» тақырыбында қысқаша мағлұмат берді. 23-27.09 аралығында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу жұмыстары бойынша 5-11 сыныптар аралығында «СБА» әдістемесі алынып, нәтижесі бойынша жекелеген жұмыстар жүргізілді. “СБА” әдістемесінің қорытындысы бойынша жекелеген оқушының ата-аналарына психологиялық кеңес берілді. Қараша айында АСППМ бағдарламасы бойынша “Депрессия шкаласы”, Бек шкаласы алынды. Желтоқсан айында З.Королева тестісі жүргізілді.

Диагностикалық жұмыстар бойынша

2024-2025 жыл атқарылған жұмыстары	Сілтемелер
Мектепке қандай көңіл күймен келдің? Сауалнама	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=670f49d7d23c69c9050b15c2
Оқу мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасы (5-11 сыныптар)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e81ee1d22e5fdc4303d299
Орта және жоғары мектепте оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау әдістемесі	7-сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e8115032f85fe0d3050751 8-сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e8151f23073af3320aa8a0 9 сынып

(Спилбергер-Андреева)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e8155503638cb5180059e7 10 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e81c8e24dff377ec028c8f 11 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e81cdff5000328b80cfa13
Э.Ф.Замбацявичене нің бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтаудың стандартталған әдістемесі	МАД https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e812c1efe099c05a0f3c81 1 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e813d623073af3320aa897 2 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e814258ed4e41ad405e589 3 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e814258ed4e41ad405e589 4 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66e814920ffe7c2cd00a8e30
«Ағаштағы орныңыз қайсы?» өзін-өзі бағалаудың проективтік әдістемесі	1-11 сыныптар: https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f2565658fa19ca4a00e50e https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f257ede00cd2943507d7ba https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f258c19534753e770489e2 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25a6bbe7aa4b84c0c3dc3 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25b045867e5c72909d8d0 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25be82293721e140f7477 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25c4901b89f31800c2ece https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25cb679785c641d040e09 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25d24f1ef7756690a2d99 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66f25dafc19f8627c90d8aa8
"Алаңдаушылық шкаласы" әдісі (Кондаш)	8-9 -10 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66fcc5efa9bce3af4b0917f4

	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66fcc63df757fee4f20b93bb https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66fcc6a598f7737a7e0d1694
1-4 сыныптар үшін 6-12 жастағы балалардың ақыл- ой қабілеттерін диагностикалау (Р. Амтхауэр)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66fcc7ca89217923680c9a2f https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66fcc80a861c9c44020b33a6 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=66fcc852f80fd4f4b5046041
«Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалауы» сауалнамасы (Айзенк бойынша)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67175a400875bdeaf70acaa5 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67175ab30875bdeaf70acaa7 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67175b16d9ac5bf7d40e59a3 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67175b73e357bd47680af74f
Бастапқы буын социометриясы	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=673d6ce9c8f1491044075197
Н.Г.Лусканованың "Оқу мотивациясының деңгейін бағалау" сауалнамасы (1-4 сыныптар)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=673d6ce9c8f1491044075197
Дифференциалды- диагностикалық сауалнама әдістемесі (Е.А.Климов)	8-9 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=673d6d59248c313e260df940 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=673d6ce9c8f1491044075197
Ақыл-ой дамуының мектептік тесті (АДМТ — ШТУР)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=674eb895c8d834f05b0c49fc https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=674eb968428c94dd3704b3d6
Бек мазасыздық шкаласы	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=674eb9e9e736e579f40abf5c
Г. Шмишек, К. Леонгардтың тест - сауалнамасы	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=674eb3c93a03790dbe05811b https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=675a94027c8248495a0b8d02 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=675a94713306ffa62d0048e3 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=675a94fe3f01835cd01286f

Буллингты алдын алу бойынша сауалнама	5-11 сыныптар https://asppm.kz/162/front/bulling/tests
Кәсіптік бағдар беру	9-11 сыныптар https://asppm.kz/162/proffororientation/report
Сьюзен Деллингердің психогеометриялық сынағы	7 сынып https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67bd1d8deb1672a65b0a8f29
«Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалауы» сауалнамасы (Айзенк бойынша)	Педагогтар https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67c00d67a15bb1c1c4073e5a
Әдістеме азаматтардың кәсіби қалауын анықтауға бағытталған (Голланд)	https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67eb5a5b89469b28fe0c90a1 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67eb5cbf42f991126e04794e https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67eb5d5f18d29a6dc0a2253 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67eb5dee0965f108290a0404 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67eb5d21727b8402f40b1e60 https://asppm.kz/162/cabinet/journal/view?id=67eb9cc44a79ee873e00beab

Әлсіз жақтары : АСППМ -бойынша бастауыш сыныпқа берілген жұмыстарды, ата-аналар толтыратын болғандықтан. Нәтиже нақты және дұрыс алынбады.

1. Алдағы 2025-2026 оқу жылында Қ.Р. Оқу ағарту министрлігі ,Балалардың құқықтарын қорғау “Өркен” БӘАҰҒПИ Ке АҚ 2025 жылы шыққан диагностикалық жұмыстар әдістемесіне сүйеніп жұмыстар жүргізу .
2. 2025 жылы 29.04 күні шыққан 92 бұйрықты негізге ала отырып ,педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстарын атқару

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

https://drive.google.com/drive/folders/1kO87LqMdGtsyC7KSWAXpVY_PMW506c61?usp=sharing

Соңғы үш жылдық әлеуметтік паспорттың салыстырмалы талдауы

Оқу жылдары	Оқушылар саны	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	Тегін ыстық тамақпен қамтылған	Көпбалалы отбасы	Толық емес отбасы	АСП	Өгей әке	Өгей ана	Қамқорлықтағы бала
2023-2024	116	39	65	12	57	15	6	0	2	0	0
2024-2025	102	33	58	11	47	18	3	0	1	0	0
2025-2026	94	31	48	15	33	20	1	0	1	0	0

“Мектепке жол”, “Қамқорлық” акциясы бойынша соңғы үш жылдық салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	“Мектепке жол” акциясы бойынша		“Ауылдағы ағайынның балалары” жобасы аясында	
		Оқушы саны	Сумма,тг	Оқушы саны	Сумм, тг
2023-2024	13	13	147000	0	
2024-2025	10	10	74000	0	
2025-2026	11	8	49000	3	3 рюкзак

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспары

https://drive.google.com/drive/folders/1kO87LqMdGtsyC7KSWAXpVY_PMW506c61?usp=sharing

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарды қадағалай отырып, уақытында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау.

Міндеттері:

- ☐ Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету.
- ☐ Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандары қатыстыра отырып қорғау.

- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік - педагогикалық көмек көрсету.
- Салауатты өмір салтына байланысты ағарту, дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.
- Ата - аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік - педагогикалық кеңес берумен айналысу.
- Мектептегі педагогикалық ұжым тәрбиеленушілердің құндылықсыз комплекстерін женуге және жағдайы мен мәртебесін көтеру жұмыстарын күшейту.
- Балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу.
- Сабақтан тыс уақытта оқушының физикалық және дарындылық талабын дамытуға жағдайлар жасау

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әлауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында

әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:

	Саны (оқушы)	Сомасы (теңге)	2022-2023 оқу жылы
Қаржылай көмек алғандар	-	-	
Материалдық көмек алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)	13	147 000	
Азық-түлікпен көмек алғандар		-	
№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар	18	738000	
Жалпы	31	885000	

Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектептің телестудиясында кеңестер мен фильмдер көрсетілді.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 2.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған аудандық “Жұлдызай” фестиваліне мектебімізден 2 оқушы қатысып, Амандық Айару ІІІ орын, Аманқан Нұрраян І орын иеленді. Аманқан Нұрраян облыстық “Жұлдызай” фестиваліне жолдама алды.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Ата-аналармен өткізілген семинарда “Бала агрессиясының алдын алу, жанжал жағдайын шешу, мінез-құлықты түзетуге ұсыныстар” жазылған кеңес парақшалары таратылды.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Жоспар бойынша ақпан айында ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, “Мектеп-Отбасы-Бала” мониторингі құрылды. Мониторингке жалпы 60 пайыз ата-аналар қатысып өз пікірлерін білдірді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас» семинары, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. *Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;*
2. *Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;*
3. *Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.*

“Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы аясында оқушылармен “Профит-ай” пікірталасы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі жайлы түсініктерін кеңейту. Пікірталас барысында оқушылар мамандық жайлы өз ойларымен бөлісіп пікір білдірді.

20-22 ақпан аралығында 5-10 сынып оқушылары арасында “Өзіңді мамандықтар әлемінде тап” атты челлендж өткізілді. Челлендж онлайн өткізіліп, барлық оқушылар белсенділік танытты.

Іс-шаралар	Сілтеме
1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалпы республикалық “Мектепке жол” қайырымдылық акциясы биыл “Жақсылық жаса” ұранымен өткізілді. Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасы оқушыларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02KWQj9NxKpdwnRnZ2RiJjHeXjQ2k44QJHRhSrLNS3z39b8c2zovG4YvNEVeE1qqczl&id=100028647434969&sfnsn=

көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын-алу. Акцияның бірінші аптасында ауылымыздың азаматы Сатбаев Нұрболат бір оқушыға қажетті оқу-құралдар мен сумка алып берді.	<u>wa&mibextid=K8Wfd2</u>
Акцияның екінші аптасында Сұлтанова Бақыттың демеушілігімен 1 балаға мектепке қажетті киімдер берілді.	<u>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0CeLsmkxn4aa4cpvP7DLd6Y9dpw9Ei8Uhd7y2TN6nPrakWtSwTuzhcFmiEaP7c2gvl&id=100028647434969&sfnsn=wa&mibextid=K8Wfd2</u>
Акцияның үшінші аптасында ауылымыздың азаматы Туkenов Нұрбектің демеушілігімен 1 оқушыға оқу құралдары берілді.	<u>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02k96j3KshdJgqJZtTDHKFkw48SWYeUT3BnZaZcdDxeizLFKgZmfAE6D9zQDdRfvd1l&id=100028647434969&sfnsn=wa&mibextid=K8Wfd2</u>
Акцияның төртінші аптасында ауылымыздың азаматы Абдигожин Ернұрдың демеушілігімен 1 оқушыға сумка мен оқу-құралдары алынып, берілді. Мектепке жол акциясы бойынша барлығы 13 оқушы (147 мың тг) қамтылды.	<u>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0zkqQTTGk8wkP5p4eMZYEAKMb4br6a9d7Rnx4NwbGvPpEVrbpUEzLqT5ezRcTfakhSl&id=100028647434969&sfnsn=wa&mibextid=K8Wfd2</u>
Акцияның бесінші аптасында ауылымыздың азаматшасы Алипова Гүлнұр 3 сыныптың барлық 9 оқушысына сабаққа қажетті оқу-құралдармен қамтамасыз етті	<u>https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0WdRBe9EFiA1duQnWHoE3xV9Jaf7MNunJQs6jdcNXdXoo7Cxs3uW1ywXde9DouWzl&id=100028647434969&sfnsn=wa&mibextid=9R9pXO</u>
Оқу жылының басында қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары жасалып, жиналысы екі рет өткізілді.	

Ыстық тамақ бойынша әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылардан шыққан 18 оқушы ыстық тамақпен қамтылған және 1-4 сынып оқушыларының барлығы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Оқушылардың күнделікті ас мәзірі және тамақтануы күнде бақыланып отырады.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02qKEj9LbtEtB2pUXNdg4WEEoZAbLCUrjaU2vJBy2Gk6jr8i6tXK9xD55y8c5ZN2iBl&id=100028647434969&sfnsn=wa&mibextid=K8Wfd2
қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып ауыл азаматы Жанабаев Бауыржан 1 оқушыға қыстық куртка мен етік алып берді (25мың тг.)	
“Зорлық-зомбылық және балалар” тақырыбында оқушылардан жабық сауалнама алынды.	
Қараша айында жоспар бойынша оқушыларды “Бала құқығы туралы” заңымен, конвенциямен таныстыру мақсатында апталық өткізілді	https://www.facebook.com/share/b232Ynn9rYzTiNMS/?mibextid=K8Wfd2
Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау мақсатында құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылым жұмыстары жүргізілді.	https://www.facebook.com/share/p/nHo83c7E67sZ3rJM/?mibextid=K8Wfd2
“Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” апталығы аясында “Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!” тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды	https://www.facebook.com/share/p/fMQEZnG1mdzdKE8x/?mibextid=9R9pXO
Ата-аналар жиналысында насихат жұмыстарын жүргізу	https://www.facebook.com/share/p/XADAYh5RYQPNGFr2/?mibextid=9R9pXO

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы туралы анықтама

Мектеп асханасында 2023-2024 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жүйелі ұйымдастырылды. ИП “Сүлейменова Ж.К.” келісім шарт арқылы жұмыс істейді. Асханада 1 аспаз жұмыс істейді. Асхана қызметкері міндетті профилактикалық дәрігерлік байқауының нұсқаулығына сәйкес медициналық тексерістен мезгілінде өтуде. Асханада тамақ пісіретін пеш, 3 тоңазытқыш, вытяжка және ыдыс-аяқтар, стол орындықтар барлығы бар.

Ас мәзірі мердігер тарапынан ай сайын жіберіліп отырды. Сол мәзірге сәйкес күндік ас мәзірі жасалып асханаға ілініп отырды. Аспаз үнемі ас мәзіріне сәйкес тамақтарды пісіріп отырады. Күнделікті астан сынама тоңазытқышқа қойылып отырады. Асхана тазалығын мектеп медағасы қатаң қадағалауда. Ас бөлмесінің санитарлық –гигиеналық жағдайы барлық талаптарға сай, ыдыс – аяқтары уақытылы және таза жуылады, дезинфекциялық заттармен ас ішетін, ас әзірлейтін бөлмелер, үстел беттері 1% хлорамин ертіндісімен сүртіледі. Асханада «Аспазшы бұрышы», «Ас мәзірі» стенділері ілініп тұр.

Асханада аз қамтылған, көп балалы, және толық емес отбасы балаларынан қыркүйек пен желтоқсан аралығында 18 бала, қаңтар мен мамыр аралығында 14 бала тамақтанды. Ал жалпыға міндетті білім беру қорынан 1-4(39) сынып оқушылары тегін тамақтанды

Күн сайын мектеп әкімшілігі тарапынан бекітілген кесте бойынша кезекшілік ұйымдастырылған. Тексеріс жұмыстарына арнайы мектеп әкімшілігі мен ата-аналар комитетінің төрағасы бірлескен бракераж комиссиясы басшылық етеді. Асханада тамақтануды ұйымдастыруды бақылау мақсатында бракераж комиссиясы бір айда екі рет тексеріс жүргізіп, актісін толтырады. Асхананың тазалығы мен тамақтың сапасы стандарттарға сай.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша ыстық тамақ құжаттары 2023-2024 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1OvbYofUI1qJOMkO61BHMpmpN9GxYUOqX/view?usp=drive_link

Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспары

https://drive.google.com/drive/folders/1kO87LqMdGtsyC7KSWAXpVY_PMW506c61?usp=sharing

Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалпы республикалық “Мектепке жол” қайырымдылық акциясы биыл "Менің таңдауым-балаларға көмек" ұранымен өткізілді.

Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасы оқушыларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын-алу.

Акцияның бірінші аптасында ауылымыздың азаматы Жекебатыров Азамат 1 оқушыға мектепке қажетті сумка мен оқу-құралдарын алып берді.

Акцияның төртінші аптасында ауылымыздың азаматшасы Алипова Гүлнұр 4-сыныптағы 9 оқушының барлығын, сабаққа қажетті оқу-құралдарымен қамтамасыз етті.

Әлді Демеушілер тарапынан 1 оқушыға мектепке қажетті сумка мен оқу-құралдарын, 4-сыныптағы 9 оқушының барлығының, сабаққа қажетті оқу-құралдарымен қамтамасыз етілуі	Әлсіз Акцияға қамқоршылардың аз қатысуы.
Мүмкіншілігі Акцияға демеушілер мен қамқоршыларды көптеп тарту керек	Қауіп-қатер Демеушілердің азаюы.

	Саны (оқушы)	Сомасы (теңге)	2022-2023 оқу жылы
Қаржылай көмек алғандар	-	-	
Материалдық көмек	10	74 000	

алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)			
Азық-түлікпен көмек алғандар		-	
№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар	21	911547	
Жалпы	31	985547	

Оқу жылының басында қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары жасалып, жиналысы екі рет өткізілді.

Ыстық тамақ бойынша әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылардан шыққан 14 оқушы және 1-4 сынып оқушыларының барлығы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Оқушылардың күнделікті ас мәзірі және тамақтануы күнде бақыланып отырады. Мектептің әлеуметтік төлқұжаты:

№	Мектеп атауы : Ынтымақ ЖББМ	Саны
1	Оқушы саны	113
	Оның ішінде МАД тобы оқушылары	10
2	Көпбалалы отбасы саны	18
	-оның ішінде бала саны	44
3	Аз қамтылған отбасы саны	11
	-оның ішінде бала саны	23
4	АСП алатын отбасы саны	0
	-оның ішінде бала саны	0
5	Күн көрісі төмен отбасылар	11
	-оның ішінде бала саны	23
6	Толық отбасы саны	55
	-Оның ішінде бала саны	100
7	Толық емес отбасы саны	3
	-оның ішінде бала саны	3
	-анасының тәрбиесінде	1
	-әкесінің тәрбиесінде	-
	-тәтесінің тәрбиесінде (ағасының)-	-
	-атасының тәрбиесінде	-
	-әжесінің тәрбиесінде	-
	-ата-әжесінің тәрбиесінде	1
	-оның ішінде өгей әкесінің тәрбиесінде	1
	-оның ішінде өгей шешесінің тәрбиесінде	-
8	Ата-анасы мүгедек отбасылар саны	-
9	Діни көзқарастар бойынша мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтамайтын оқушылар саны	-
10	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз Қалған балалар саны ,оның ішінде	-
	-Қорғаншылықта және қамқоршылықта	-
	-патронаттық тәрбиеде	-
	-басқа отбасында тәрбиеленген	-
	-отбасы үлгісіндегі балалар үйінде	-
	-жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз Қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында	-
11	ЕБҚЕБ бар балалар саны	8
	-оның ішінде үйде оқитын балалар	

12	Ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар саны	-
13	Ішкі істер бөлімінде есепте тұрған қолайсыз отбасылардың саны	-
	-оның ішінде бала саны	-
14	Мектепшілік есепте тұрған балалардың саны	-
15	Ерекше педагогикалық назар аударуды талап ететін « тәуекел тобындағы » балалар саны	-
16	Білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау камераларының саны	18
17	Мамандандырылған күзет қызметінің болуы	-
18	Бекітілген мектеп полиция инспекторының болуы	-

9-13 қыркүйек аралығында **“Менің Отбасым”** атты сурет көрмесі 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/14KiFcF9qgx/?mibextid=wwXIfr>

Қазан айының гүлдер отырысында **“Өмірге салауатты қадам”** жобасы аясында **“Жаман өнеге жараспайды”** атты видеоролик көрсетілді.

Мақсаты:қыздарды әдептілікке,инабаттылыққа баулу,жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.7 қазан күні **«Қамқор» жобасы аясында «Қоғамға қызмет ету»** волонтерлық қызмет акциясы 5-11 сыныптар аралығында өткізілді. Онда жас волонтерлар ауылдың саябақтарын қоқыстардан тазалап қайтты.

<https://www.facebook.com/share/p/1J2YS6ekLa/?mibextid=wwXIfr>

Наркобекет жұмысының жоспарына сәйкес 7-11қазан аралығында **"Нашақорлыққа жол жоқ!"** атауымен 5-11сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдерді салауатты өмір салтын ұстануға үйрету, "Ғасыр дерті" болып саналатын зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру.

Байқау нәтижесінде:

I орын-Дәулен Інжу

II орын-Аманкелді Айша

III орын-Серікбаева Балнұр иеленіп,қатысқан оқушылардың барлығы алғыс хатпен марапатталды.

18 қазан күні **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Құтқарушы – құрметке лайық мамандық»** құтқарушылар күніне арналған телемост ұйымдастырылды.

Мақсаты:Адам өмірін түрлі апаттар мен қауіп-қатерлерден сақтап қалу, төтенше оқиғаның алдын алу мақсатында аянбай еңбек етіп, қырағылық танытып жүрген батыр азаматтардың ерлігін оқушыларға үлгі ету.Оқушылар төтенше жағдайлар кезінде ең алғаш болып көмекке келіп, адам өмірін арашалауды кәсібіне айналдырған құтқарушылардың бірі-Ұлытау облысы,Сәтбаев қаласының номері 2 өрт сөндіру бөлімше командирі, старшина Иманнуров Медет пен Жаңаарқа ауданы орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Жаңаарқа шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкері аңшылықтанушы,капитан Жангелді Өмірсеріктің бір күндік жұмыс барысымен танысты.

<https://www.facebook.com/share/v/17CcxHm8W1/?mibextid=wwXIfr>

Зорлық-зомбылық, нашақорлық пен темекі шегу, арақ ішудің, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында мектептің дәлізіне педагог-психолог Н.Кокина мен әлеуметтік педагог Г.Кокина ақпараттық парақшалар іліп, оқушыларға таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/173nELQ2SW/?mibextid=wwXIfr>

28 қазан күні "Еңбегі адал жас өрен" жобасы, күзгі каникул іс-шараларының жоспары бойынша "Менің ата-анамның кәсібі" атты челлендж өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың мамандықтарға деген қызығушылықтарын дамыту, ата-анаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адал еңбекті дәріптеу.

Челленджге 5-10 сынып оқушылары қатысып, ата-аналарының жұмыстары жайлы бейнеролик дайындап, таныстырды. Челленджге қатысқан барлық оқушылар мадақтама, сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/16M7Uknxji/?mibextid=wwXIfr>

4-11 қараша аралығында “Зорлық-зомбылық және балалар” тақырыбында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама 5-11 сынып оқушыларынан алынды.

Мақсаты: Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықты анықтау, алдын алу.

11-12 қараша күндері телестудиядан оқушыларға “Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!” атты видеоролик көрсетілді.

Мақсаты: Оқушыларды зорлық-зомбылықтың зияны туралы ақпараттандырып, оның алдын алу қажеттілігі туралы хабардар ету. Видеоролик арқылы балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне қарсы тұруға, құрбандарға көмек көрсетуге және зорлық-зомбылықтың салдарынан туындайтын ауыр мәселелерге назар аудару

Желтоқсан айының ортасынан бастап жылдағы дәстүр бойынша облыс әкімі мен аудан әкімінің шыршасына оқушыларды тізімін жасау, құжаттарды реттеу жұмыстары жүргізілді. Бөлініс бойынша облыс әкімінің шыршасына ЕББҚБ 1 оқушы, аудан әкімінің шыршасына барлығы 7 оқушы барды.

15-қаңтар күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында, “Қазіргі студент-ертеңгі маман иесі” атты мектебіміздің түлектерімен кездесу кеші өткізілді. Кездесу кеші 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен кофе-брейк форматында өтті.

Мақсаты: Мамандық тандау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, тандау мүмкіндіктерін шешу. Оларды өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу. Оқушылардың қоғамға деген азаматтық позициясын қалыптастырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу

Кездесу кеші мектеп директоры А.Тезекбаеваның құттықтау сөзімен басталып, қызықты ой толғау, маман болам мен ертең, сергіту сәті т.б. бөлімдермен жалғасын тапты. Кездесу барысында студенттер оқушылармен өздерінің оқып жатқан мамандықтары жайлы, ҰБТ-ға қалай дайындалу, грантқа түсу үшін не істеу керектігі туралы өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/1Gm8syKrpt/?mibextid=wwXIfr>

15-қаңтар күні "Қамқоршылық кеңесінің" кезекті жиналысы өткізілді. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры А.Тезекбаеваның І

жарты жылдықтағы мектептің әлеуметтік жағдайы, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, "Мектепке жол", "Қайырымдылық" акцияларының өткізілуі туралы есебі тыңдалды. Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша ДОІЖО Ә.Шегебаеваның оқушылардың білім сапасы жөніндегі, 3-мәселе бойынша ДТІЖО А.Сейдуалинаның тәрбие жұмысы жөніндегі есебі тыңдалды. Отырыс қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар әділ, дұрыс деген шешім шығарылды

<https://www.facebook.com/share/p/16M7Uknxji/?mibextid=wwXIfr>

29 қаңтар күні, наркологиялық бекеттің жұмыс жоспарына сәйкес, 8-11 сынып оқушыларына "Есірткісіз болашақ" тақырыбында кеңестер беріліп, бейнеролик көрсетілді.

Мақсаты: Оқушылардың есірткінің зияны туралы білімдерін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру.

Оқушылар бейнеролик бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын білдірді

<https://www.facebook.com/share/p/1C1Cq2E66D/?mibextid=wwXIfr>

17 ақпан күні телестудиядан оқушыларға құқық бұзушылыққа байланысты кеңестер және фильмдер көрсетілді.

Мақсаты: Оқушыларға құқықтық сауаттылықты арттыру, заңды білу мен сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, оның салдары туралы ақпарат беру. Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және жауапкершілік сезімін дамыту.

Құқықтық нормаларды сақтау арқылы қоғамда қауіпсіз және бейбіт өмір сүруді үйрету.

Тәрбиелік фильмдер көрсету арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуге баулу.

Интымақ ЖББМ-де "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында, 5-8 сынып оқушылары арасында "Ата-анамның жұмысындағы бір күн" атты видеороликтер байқауы өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды ата-аналарының кәсіби қызметімен таныстыру арқылы олардың ой-өрісін кеңейту, еңбекке деген құрметті арттыру және болашақ мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауға ықпал ету.

<https://www.facebook.com/share/v/1XmkRtz7Li/?mibextid=wwXIfr>

Жоспар бойынша 7-11 сәуір аралығында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жабық анкета 2-11 сынып оқушыларынан алынды. Қорытындысы бойынша мониторинг жасалды. Мониторинг қорытындысы бойынша зорлық-зомбылық фактілері анықталмады.

Наркологиялық бекеттің жұмыс жоспарына сәйкес 14-18 сәуір аралығында "Зиянды әдеттен аулақ бол!" тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында челлендж өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды өз денсаулығына, өмір салтына, ой-санасына кері әсер ететін зиянды әдеттерден аулақ болуға ынталандыру.

<https://www.facebook.com/share/p/168vL8T6pe/?mibextid=wwXIfr>

Сәуір айында "Гүлдер", "Жігер" отырысында "Қазақстандағы АҚТҚ мен ЖҚТБ – Аңыз бен шындық" тақырыбында пікірталас өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға АҚТҚ (Адамның Қорғаныш Тапшылығының Қоздырғышы) және ЖҚТБ (Жұқтырылған Қорғаныш Тапшылығының Белгілері) туралы шынайы мәлімет беру, аңыздар мен жалған пікірлерді жоққа шығару, саналы көзқарас қалыптастыру.

Сәуір айында "Гүлдер","Жігер"отырысының жұмыс жоспарына сәйкес,8-11сынып оқушыларына “Ойынға салауатты көзқарас: салауатты әдеттерді қалыптастыру, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылық пен хоббиді дамыту” атты шеберлік сабағы өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларға компьютерлік және мобильді ойындарға деген салауатты көзқарасты қалыптастыру, уақытты тиімді пайдалануға үйрету, эмоцияларды басқару дағдыларын дамыту және ойыннан тыс қызығушылықтар мен хоббилерді табуға көмектесу.

Шеберлік сабағы барысында оқушыларға слайд арқылы онлайн ойын уақытын шектеу, уақытты тиімді басқару,эмоцияларды басқару,балама қызығушылықтарды дамыту,жаңа хобби табу т.б. кеңестер берілді. Жаңа хоббиларға қызығушылықтарын ояту мақсатында қыздарға ілмекпен тоқу, ұлдарға қайыстан,жіптен қамшы,жүген өру жөнінде шеберлік сабағы өткізілді.Өткізген: Кокина Г. Алькенов С.

<https://www.facebook.com/share/p/1Cx1EUSk7d/?mibextid=wwXIfr>

Жоспар бойынша 12-16 мамыр аралығында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жабық анкета 2-11 сынып оқушыларынан алынды. Қорытындысы бойынша мониторинг жасалды. Мониторинг қорытындысы бойынша зорлық-зомбылық фактілері анықталмады.

Мамыр айында жоспар бойынша 8-11 сынып оқушыларына “Нашақорлық пен темекінің салдары” атты бейнеролик көрсетіліп, талқыланды.

Мақсаты: оқушыларға нашақорлық пен темекінің ағзаға, психикаға және өмірге тигізетін зияны туралы түсінік беру, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру, теріс әдеттердің алдын алу, жауапкершілік пен өзін-өзі бағалауды дамыту.

Наркобекет жоспарына сәйкес мамыр айында медицина қызметкерімен кездесу ұйымдастырылды. Қатысушы 5-11 сынып оқушылары.

Мақсаты: Оқушылардың денсаулық жайлы білімін арттыру;

Темекі, нашақорлық, энергетиктер, зиянды тағамдар, гаджетке тәуелділік сияқты заманауи мәселелерді талқылау.

Салауатты өмір салтын насихаттау;

Дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, ұйқы режимін сақтау туралы айту.

Алдын алу шараларын түсіндіру;

Жұқпалы аурулар, суық тию, COVID-19, тұмау сияқты аурулардың алдын алу жолдары.Жеке гигиенаның маңызын түсіндіру;

Жиі қол жуу, тіс тазалау, дене күтімі, киім гигиенасы.

Кездесу барысында оқушылар өздерін толғандырған мәселелер бойынша сұрақтарын қойды.

Отан қорғаушылар мен Ұлы Отан соғысындағы "Жеңіс" күнін мерекелеу іс-шаралары аясында, 1-4-сынып оқушылары арасында "Ер есімі-ел есінде" атты сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың ел қорғаған батырларымыздың, ерлеріміздің есімін дәріптеп, олардың ерлігін ұмытпауға, сурет өнеріне деген қызығушылығын арттырып, көркемдік шеберлігін жетілдіру.

Байқау қорытындысы шығарылып оқушылар грамоталармен марапатталды. Сурет байқауына ең белсенді қатысқан 3-сынып оқушыларының сынып жетекшісіне алғыс білдірілді.

<https://www.facebook.com/share/p/166gJB8uD3/?mibextid=wwXlfr>

Жетістіктер:

Дәулен Інжу “Нашақорлыққа жол жоқ” мектепшілік байқауында 1 орын алып, облыстан II орын иеленді.

Республикалық “Балдәурен” сурет байқауында Жалил Нұрбибі III орын, “Шексіз өмір” республикалық фестивалінің облыстық кезеңі “Вокал” жанры бойынша Қатжан Еркеназ II дәрежелі диплом

Кемшіліктер:

“Мектепке жол” акциясына белсенділіктің төмендеуі

Ұсыныстар: Мектепке жол акциясының жұмысын жандандыру.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы туралы анықтама

Мектеп асханасында 2024-2025 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жүйелі ұйымдастырылды. Оқушыларға берілетін тағамдар арнайы мәзір арқылы жасалады. Күнделікті бала санына байланысты тамақтану жүргізіліп отырады. Мектеп бойынша жалпы 47 бала бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Бастауыш сыныптардан -33 бала тамақ ішсе, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан балалардан 14 бала тамақтанады.

Аспаз үнемі ас мәзіріне сәйкес тамақтарды пісіріп отырады. Күнделікті астан сынама тоңазытқышқа қойылып отырады. Асхана тазалығын мектеп медағасы қатаң қадағалауда. Ас бөлмесінің санитарлық –гигиеналық жағдайы барлық талаптарға сай, ыдыс –аяқтары уақытылы және таза жуылады, дезинфекциялық заттармен ас ішетін, ас әзірлейтін бөлмелер, үстел беттері 1% хлорамин ертіндісімен сүртіледі. Асханада «Аспазшы бұрышы», «Ас мәзірі» стенділеріндегі мәліметтер жаңартылды.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің бракераж комиссиясы жоспар бойынша мектеп асханасының тазалығын, тамақ сапасын тексеріп отырады. Мектептің әлеуметтік педагогы меню мен оқушылардың тамақтану суреттерін мектептің сайтына күнделікті салып отырады.

